

АМАНГЕЛДІ



Аудандық апталық газет

1935 жылғы 15 маусымнан бастап шығады

арайы

e-mail: amangeldy-arai@mail.ru ■ http://baq.kz/kk/regional_media/media/224

Аудандық әкімдікте

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР НӘТИЖЕЛІ ЖҮРГІЗІЛСІН

Аудан әкімінің әр аптаның дүйсенбісі күні өтетін кезекті аппараттық кеңесінде (3.11.2014) «Ауылшаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы» жөнінде мәселе қаралды. Ол жөнінде аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы Е.Қ.Ешановтың баяндамасы тыңдалды. (Баяндаманы газетіміздің 3-ші бетінен оқи аласыздар).

Баяндама барысында аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов өңіріміздегі мал шаруашылығын қарқынды дамыту мәселесі егжей-тегжейлі пысықтады. Мемлекетіміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға үлкен қолдау жасап, әртүрлі бағдарламалар бойынша қаржылай көмек көрсетіп отырған кезде бұл мүмкіндікті пайдалану керек екенін айтты. Ауданымызда «Сыбаға» бағдарламасы бойынша несие алып, шаруашылығын өркендетіп отырған шаруа қожалықтары аз емес. Алайда «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламасы бойынша жұмыстардың іске асырылуы әлі де болса баяу, мардымсыз. Кепілдігі бар шаруа қожалықтарының мал шаруашылығын одан әрі дамыту үшін бұл бағдарламалардың пайдасының зор екендігін айтты. Кәсібін ұлғайтам деген кәсіпкерлерге қолдау жасап, мемлекеттік бағдарламалардың шарттары туралы кеңейтілген ақпарат беріп, оның нәтижелі болуын аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы Е.Қ.Ешановқа міндеттеді.

Партия тынысы

НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

5 қараша күні Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйінде «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының XVI есеп беру сайлау конференциясы болып өтті. Конференцияға аудандық мәслихат депутаттары, ауылдық округтердің әкімдері, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, партия белсенділері, қоғамдық ұйымдар мен баспасөз өкілдері шақырылды.

Конференция жұмысын «Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалының төрағасы Ж.Қ.Таукенов ашып, жүргізіп отырды. Аудан басшысы «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалы аудандағы игілікті істердің басы-қасында жүріп, айтулы жұмыстар атқарып, халықтың сенімінен шығып жүргендігін айтты. Әлде де болса бизнес саласында жүрген азаматтарды партия мүшелігіне көптеп тартуды ауылдық округіндегі бастауыш партия ұйымдарына тапсырды. Ауданымыздың қалталы азаматтары «Нұр Отан» партиясына мүше бола жүріп, олармен бірлесіп ауылдың өркендеуіне өз үлестерін қосу керек екендігіне жан-жақты тоқталды. Сонымен қатар, Елбасымыз жүктеген басымдықтарды есепке ала отырып, жұмыс тиімділігін арттыру бойынша партия белсенділері алдында бірқатар тапсырмалар қойды.

Конференцияның күн тәртібінде үш мәселе ұсынылды. Бірінші мәселе бойынша «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы Саяси кеңесінің 2013-2014 жылдардағы атқарылған жұмыстары туралы» «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары А.Қ.Ташимовтың есебі тыңдалып талқыланды. (Баяндаманы газетіміздің 5-бетінен оқи аласыздар.) Баяндаманы талқылауға аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы Е.Қ.Ешанов, Ақсай ауылдық округінің әкімі Ж.Қ.Алтынсарин, Күмкешу жалпы білім беретін орта мектептің директоры, бастауыш партия ұйымының төрайымы З.М.Нұрхановалар ат салысып, өз салалары бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, партия жұмысына оң бағаларын берді.

Сонымен қатар, конференцияның екінші, үшінші мәселесі бойынша аудандық «Нұр Отан» партиясы филиалының саяси кеңесін сайлау және «Нұр Отан» партиясы Қостанай облыстық филиалының XVII конференциясына делегаттар сайлау туралы шешім қабылданды. Конференция күн тәртібіне енгізілген барлық мәселелер толықтай қаралып, болашақ мақсаттар анықталып, тиісті қаулылар қабылдады. Конференция соңында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары А.Қ.Ташимов, партия белсенділері Күмкешу ауылдық округі «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымының төрайымы З.Нұрхановаға, Қарасу ауылдық округі «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымының төрағасы Т.Байдырахманға, аудандық А.Иманов атындағы мемориалдық музейдің директоры Н.Игілікөвке «Нұр Отан» партиясы Қостанай облыстық филиалының төрайымы Ә.Сапарованың Алғыс хатын салтанатты түрде табыстады.

Гүлбаршын СМАЙЫЛОВА,
өз тілшіміз

«АҚ БҰЛАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫ – АУЫЛДАРДЫҢ ҚҰТЫ



5 қараша күні, сәрсенбінің сәтінде Байғабыл ауылдық округінде су құбырының ашылу салтанаты болды. Биылғы жылы Байғабыл ауылдық округіне «Ақ бұлақ» мемлекеттік бағдарламасы бойынша су жүйесін қайта құрылымдау бюджеттік инвестициялық жобасы бойынша 176,5 миллион қаржы бөлінген болатын. Аз ғана уақыттың ішінде қаржы толықтай игеріліп, су құбыры пайдалануға берілді. Су құбырының ашылу салтанатында, жақсы істің бастамашысы болған аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов сөз сөйлеп, ауыл тұрғындар құттықтады. Мемлекеттік бағдарлама аясында тартылған су құбырының



ауыл халқы үшін маңызды екендігіне тоқталды. Су құбырын тартуда аянбай қажырлы еңбек еткен бір топ азаматтарға алғыс хат табыстады. Лента кию рәсімін ауылдың ардагер ақсакалы Зәмза Жанауов ақсақал ие болды. Аудан тұрғындарын атынан Байғабыл ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Дүйсен Қаласов құттықтау сөз сөйлеп, ауыл тұрғындарының атынан аудан басышылығына алғысын айтты.

Су - тіршіліктің көзі. Су бар жерде бау - бақша, орман, егін, мал болады. Сондықтан, қазақ «Сулы жер - нулы жер» дейді. Ауыл халқын қуантқан игілікті іс ұзағынан болғай!

Г.ЖҰМАДІЛДӘҚЫЗЫ,
өз тілшіміз.

Суреттерде: Байғабыл ауылдық округіндегі су құбырының ашылу салтанатынан көріністер.

Билік

ӘКІМДІК ОТЫРЫСЫ

6 қараша күні аудандық әкімдіктің мәжіліс залында аудан әкімдігінің кезекті отырысы өтті. Әкімдік отырысына мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорын басшылары, ауылдық округтің әкімдері және БАҚ өкілдері қатысты.

Әкімдік отырысын аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов ашып, жүргізді. Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Амангелді ауданының 2014 жылдың III

тоқсанындағы әлеуметтік экономикалық дамуының қорытындылары туралы» аудан әкімінің орынбасары Т.Т.Карбозовтың баяндамасы тыңдалды. Екінші мәселе «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бағдарламасының орындалу барысы туралы» аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің бастығы М.М.Тобағабылов баяндама жасады. Баян-

дама барысында аудан басшысы мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы - қазір таңдағы басты міндеттердің бірі екендігін атап көрсетті. Әсіресе ауылдық округтің әкімдері мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда салғырттық танытуда. Әрине мемлекеттік бағдарламаларды орындауда ілгерілеушілік бар, облыс бойынша көрсеткіштеріміз де жаман емес. Алайда, бұл бағдарламаға ауылдық округтердің біршамасы қатыспай отыр.

(Басы. Жалғасы 2-бетте.)



Мал шаруашылығын дамыту - басты міндет



3-бет

Білім мен ізгілік дәнін сепкен



4-бет

Үлкен мұрат, ұлы мақсат жолында



5-бет

Қаһарлы күндер шежіресі



7-бет

Жарадын, Балтазар!



8-бет

1 желтоқсан - Президент күні қарсаңында**ЕЛБАСЫ ДА БАЛА БОЛҒАН**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өмірі мен еңбек жолы туралы түсірілген «Елбасы жолы» киноэпопеясын теледидардан көрдім. Осы киноны алғашқы көрермендер қатарында көргеніме өте қуаныштымын.

Кино «От - өзен» және «Теміртау» деген екі бөлімнен тұрады. Кинодан Елбасының еңбек жолын, адамгершілігін көрдім. Мен осыған дейін «Балалық шағымның аспаны» атты киноны да тамашалаған

едім. Сонда байқағаным бүгінгі біздің Елбасымыз да біз сияқты бала болған екен. Бір айырмашылығы ол жастайынан алдына үлкен мақсаттар қоя білген. Ол жас кезінде де үздік студент болып, достарына жақсы істерімен көмектесіп жүрген. Тағы да есімде қалған ерекше сюжет: Елбасының жұмыс орнында жарылыс болғанда, оттан қорықпай өз достарын құтқаруы. Бұл оның батылдығын көрсетеді. Ол өте мейрімді адам екенін де осы ісінен көруге болады.

Киноның ерекше бір сәті:

Елбасының ай сайын өз айлығының жартысын алыстағы ата-аналарына жіберіп отыруы. Ол алыста, ауыр жұмыс істеп жүрсе де ата-анасын ұмытпай, оларға көмек беріп отырды.

Осылайша, «Елбасы жолы» киноэпопеясы маған ерекше әсер етті.

**Мариямгүл ӘСЕТҚЫЗЫ,
Ә.Боранбаев атындағы
жалпы білім беретін орта
мектептің 7 сынып оқушысы**

ЕЛ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН - ЕЛБАСЫ

1 желтоқсан күні еліміз үшін елеулі оқиға. Тұңғыш Президент күнін атап өтеді. 1991 жылғы 1 желтоқсанда, алғаш рет жалпыхалықтық сайлау өтіп, егемен Қазақстанның негізін салушы - Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет Президент болып сайланды. Сайлауға қатысқандардың 98,78%-ы жақтап дауыс берді. Бұл жаңа мемлекет қалыптасуының өтпелі кезеңінде сенімді басшыға өз тағдырын тапсырған Қазақстан халқының жауапты таңдауы еді. Шын мәнінде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сапалы саясатының арқасында Тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз, дініміз және діліміз қайта

оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды. Қазақстанның шынайы егемендігін қамтамасыз еткен маңызды мемлекеттік актілерге қол қойылды. Мәселен, 1991 жылдың 29 тамызында Нұрсұлтан Назарбаевтың Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлығы шықты. Сондай-ақ 1991 жылдың 25 қазанында Президенттің Жарлықтарымен Қауіпсіздік кеңесі және мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Оған дейін Президент «Одаққа бағынған мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды ҚКСР иелігіне ауыстыру туралы» және «ҚКСР-ның алмас және алтын қорын құру туралы» Жарлық шығарды. Қысқасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігінің

іргетасы осылай қаланды.

10 желтоқсан күні Алматыдағы Республика сарайында Президентті ұлықтау рәсімі өтті. Нұрсұлтан Назарбаев республиканың көп этносты халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясын қатаң сақтауға, азаматтардың еркіндігі мен құқықтарын кепілдендіруге, Қазақстан Республикасының Президентіне жүктелген міндеттерді адал орындауға ант берді. Одан кейінгі мемлекет құрылысының табысты жылдары Мемлекет басшысының 1991 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан халқына берген анттын тұтастай және толық орындағанын көрсетті.

Г.НҰРМҰХАНҚЫЗЫ.

Билік**ӘКІМДІК ОТЫРЫСЫ**

Бағдарлама аясында қаншама рет жиындар өтті. Атқарылған жұмыс жоқ, сылтау көп. Ауданымызда 1800000 гектар шабындық жер бар. Оның 90 пайызы суландырылған. Демек мал шаруашылығымен айналысуға зор мүмкіндік бар. «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламалары арқылы несие алып, мал басын өсіретін шаруашылықтардың санын кем дегенде 7-ге жеткізу керек.

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Ауылшаруашылығын өркендету арқылы біз жұмыссыздықты жо-ямыз, аудан экономикасының өсіп-өркендеуіне үлес қосамыз. Істелінген жұмыстарды да дұрыс көрсетіп, үйлестіре алмай отырмыз. Ендігі жерде жауапсыздыққа жол жоқ. Ауыл әкімдері осы істі қолға алулары керек, - деді аудан басшысы.

Бұдан соң, аудан әкімінің орын-басарлары С.У.Хайруллин, М.Д.Қаласов сөз алып,

ауданымыздың ішкі саяси мәселелеріне, мәдени-рухани жақтарына, жарықтандыруға, су құбырын тартуға, жол жөндеу мәселелеріне кеңінен тоқталып, алдағы жылы мемлекеттік жасалынатын жұмыстарды нақтылады.

Әкімдіктің отырысын аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов қортындылап, алдағы жылы мемлекеттік бағдарламалар аясында атқарылатын жұмыстарды мекеме басшылары мен ауылдық округтің әкімдеріне жүктелді.

**Г.СМАЙЫЛОВА,
өз тілшіміз.**

Үкіметтік емес ұйымдармен бірігіп...**ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ**

«Аманкелді аудандық Жастар Кеңесі» қоғамдық бірлестігі «Амангелді ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» КММ тапсырысымен «Ауылым – алтын бесігім» әлеуметтік маңызы бар жобасын жүзеге асыруда. Осы жоба аясында Б.Қолдасбаев орта мектебінде «Амангелді өңірінің тарихи топонимикасы мен қалыптасуы» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Конференцияға мектеп директорлары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, тарих және география пәндерінің мұғалімдері мен оқушылар, мұражай қызметкерлері қатысты.

Конференция барысында секциялық жұмыстар жүргізіліп, анкеталар толтырылды. Секция барысында қатысушылар тарапынан Амангелді өңірінің тарихи тұлғаларын, жер-су атауларын кейінгі ұрпаққа дәріптеу мақсатында маңызды деп танылған бірқатар ұсыныстар айтылды. Пленарлық отырыста «Амангелді ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» КММ басшысы Н.Тажин сөз сөйлеп, конференцияның сәтті өтуіне тілектестік білдірді. «Амангелді ауданында кездесетін жер-су атауларының тарихи мәні» тақырыбында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Уахитов; «Ономастика және ұлттық мүдде» тақырыбында «А.Иманов атындағы Амангелді мемориалдық мұражай» ғылыми қызметкері К.Абжанова, «Амангелді ауданында елді-мекендер мен көше аталуындағы кездесетін

мәселелер» тақырыбында аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы С.Қадиршинов баяндама жасады. Сонымен қатар жас тарихшыларды ынталандыру мақсатында арнайы тақырыптар бойынша дайындалған зерттеу жұмыстарының таныстырылымы ұйымдастырылды. Амангелді орта мектебінің оқушысы Нұртөре Ақжанов «Амангелді ауданында білім беру жүйесінің қалыптасуы», эстетикалық бағыттағы Жаңаауыл орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Жұлдызай Өмірбекова «Амангелді ауданынан шыққан Социалистік Еңбек Ерлері, олардың қызметі мен өмір жолдары», Ы.Алтынсарин орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Дархан Әубәкір «Ұлт-Азаттық көтеріліс және ашаршылық жылдарындағы Амангелді ауданы», А.Нұрманов орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Дина Шойбекова «Саяси қуғын-сүргін және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Амангелді ауданы», Н.Мейірманов орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Сайран Әмірғазин «Тың игеру жылдарындағы Амангелді ауданы» тақырыбында ғылыми жұмыс қорғады.

Конференция барысында баяндамашыларға сұрақтар қойылып, ұсыныс-пікірлер айтылды. Одан соң конференция жұмысы қорытындыланып, жас тарихшылар марапатталды және естелік суретке түсті.

Б.ТЕМІРБАЙ

Республика жаңалықтары**Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН
ҚАЗАҚСТАН БАРЛЫҚ МАҚСАТТАРЫНА
ЖЕТЕ АЛАДЫ - ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ
ПЛЕНУМЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР**

АСТАНА. ҚазАқпарат - Қазақстан Жазушылар одағының 80 жылдығына арналған салтанатты пленумға қатысушылар Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына хат жолдады.

Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметінен хабарлады.

Форумға Қытай, Түркия, Ресей және басқа да елдерден келген шетелдік қатысушылар өз хаттарында Қазақстан Президентінің тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап елді дамытудағы маңызды рөлін атап өткен.

«Республика Сіздің басшылығыңызбен саяси және экономикалық әлеуетін біртіндеп ұлғайта отырып, қуатты, қарқынды, әлемдік және өңірлік саясатта көрнекті орынды иеленген мемлекетке айналды», - деп жазады авторлар.

Пленумға қатысушылар сондай-ақ Қазақстанның алға қойған барлық мақсаттарға жете алатынына сенім білдіріп, ел астанасының табысты өркендеп келе жатқанына назар аударды. «Астана республиканың экономикалық, саяси және мәдени орталығына, ауқымды халықаралық іс-шаралар өтетін орынға айналды. Ірі халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесін өткізетін орын ретінде Астананың таңдалуы Қазақстанның әлемдік аренадағы жоғары беделінің айғағы болып саналады, - делінген хатта.

Сонында авторлар тарихи жадыны сақтау, ұлттық құндылықтарды келісім мен сенім рухында қалыптастыру саяси тұрақтылықтың негізі болып отырғанын атап өткен

**РЕСЕЙ РУБЛІНІҢ БҮГІНГІ
КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ҚАРАМАСТАН ТЕНГЕ
ӨЗІН ЖАЙЛЫ СЕЗІНЕДІ - Қ. КЕЛІМБЕТОВ**

АСТАНА. ҚазАқпарат - Ресей рублінің бүгінгі көрсеткішіне қарамастан тенге өзін жайлы сезінеді. Бұл туралы бүгін Парламент Сенатының жалпы отырысында «2014-2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңына өзгерістер енгізу туралы» заң жобасын талқылау барысында ҚР Ұлттық банк төрағасы Қайрат Келімбаев мәлім етті.

«Егер Ресей рубліне қатысты жағдайға келсек, онда біз ең алдымен айырбас бағамының бір режімінен екінші режімге өту кезеңін бақылап отырмыз. Яғни, ресей рублі қолмен басқарудан еркін жіберуге кетіп отыр. Ал бұл рубльдің еркін жіберілуі ең басында құнсыздану мен нығаю жағынан арасалмақты ажыратып өз орнын табуы керек. Сондықтан да, ресейлік сарапшылар келесі жылдың басына қарай рубль айтарлықтай нығаяды деп болжайды», - деді Қ. Келімбаев. Оның пайымынша, келесі жылдың басына қарай ресей рублі 1 долларға - 40 рубль дәлізінде сақталуы күтіледі.

«Ал біздегі жағдайға келсек, тіпті қазіргі көрсеткіште де тенге өзін жайлы сезінеді. Сондықтан да, айтарлықтай салмақты өзгерістер күтпейміз әрі 170-188 теңгелік дәліз тиісті тәуекелдерді дер уағында жабуға септігін тигізетін болады», - деді Ұлттық банк басшысы.

**ҚР АУМАҒЫНА ӘКЕЛУГЕ ЖӘНЕ
ӨТКІЗУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ӨНІМДЕРДІҢ
ТІЗБЕСІ ЖАРИЯЛАНДЫ - ҚР ҰЭМ**

АСТАНА. ҚазАқпарат - ҚР аумағына әкелуге және өткізуге тыйым салу бойынша санитариялық шаралар енгізілген өнімдердің тізбесі жарияланды. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінен хабарлады.

«Аталған Комитет Кеден одағы техникалық регламенттерінің қауіпсіз тағам өнімдеріне сәйкес келмейтін өнімдерге тиым салу мен шектеу қою бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр», делінген хабарламада.

Республиканың ішкі нарығына өнімдерді әкелу және қолдану бойынша шектеу санитариялық шаралары қолданылған өнімдердің тізімімен мына сілтеме арқылы танысуға болады.

Сондай-ақ, Комитет тағам өнімдерінің қауіпсіздік нормаларына сәйкес келмейтін өнімдерді өткізу мен қолдану бойынша кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыру барысында Кеден одағының кедендік шекарасында шиелініс жағдайын тудырмау мақсатында, аталған тізімді басшылыққа алуды ұсынады.

**АЛДАҒЫ ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН
НАРЫҒЫНА ИСЛАМ ИПОТЕКАСЫ
ЖҮЙЕСІ ЕНУІ МҮМКІН**

АСТАНА. ҚазАқпарат - Алдағы жылы Қазақстан нарығына ислам ипотекасы жүйесі кіреді. Бүгін Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте Исламдық қаржыландыруды дамыту қауымдастығының төрағасы Ерлан Байдәулет осылай айтты. «Ипотека бүгінде әлеуметтік мәселе болып тұр. Екі жылдағы жағдайды көріп отырмыз. Қазіргі банк секторы осы бағытта күрделі жағдайда жұмыс істеп отырғандығы байқалуда. Пайыздар, яғни өсімдер қиын жағдайларға әкеп соғып отырғандығына куә болудамыз. Сондықтан, әрине ислам банкі түрінде келген ипотека құны өсім болмағандықтан өте жеткілікті болады деп жоспарлап отырмыз. Осы орайда әлеуметтік мәселелер алдымен қолға алынатын болады», - деді Е. Байдәулет.

«Осы мәселе жиі көтеріліп жүр және біз бұл бағытта жұмыс істеудеміз. Алдағы жылы ипотекалық компанияны құру жұмыстарын атқару жоспарланып отыр», - деп атап өтті ол.



МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ - БАСТЫ МІНДЕТ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі №301 қаулысымен бекітілген «Бизнес жол картасы 2020» бағдарламасы ауданда жүзеге асырылуда.

«Бизнестің жол картасы 2020» Бағдарламасының «бірінші бағыты бойынша: жаңа бизнес-бастамаларын қолдау» барысында ЖК А.Құлмағамбетовтің «Жүк тасымалдау қызметтерін ұйымдастыру» жобасы Қостанай облысы үдемелі индустриалдық-инновациялық дамыту жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесінің 2014 жылғы 26



маусымдағы № 104 хаттамалық шешімімен қаржылық лизинг шарты бойынша пайыздық ставканы субсидиялау бөлігі қанағаттандырылды. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде жобаларды ұйымдастыру және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін мемлекеттік гранттар 2014 жылы Амангелді ауданы бойынша 1 жоба;

ЖК Аяшова Камшат Мейрамханқызы, «Қара, ақ және түрлі-түсті» мини баспахана жобасы бойынша 1700 000 тенге грантты жеңіп алды. Алматы қаласынан кең форматты МООТОН МТ – J 185 маркалы, түрлі-түсті принтерді 2014 жылдың 14 маусымында 2 000 000 тенгеге сатып алды. Бүгінгі таңда Амангелді селосының кеңсе товарлар дүкенін ішіне орналастырып, түрлі-түсті баспахана қызмет көрсету орталығын ашып, аудан халқына қызмет көрсетуде және бір адамға жұмыс беріп отыр.

Амангелді ауданы бойынша «Агробизнес - 2020» бағдарламасы шеңберінде лизингке алынған ауылшаруашылық техникаларының сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламасы бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды:

2014 жылы «Атай» және «Әсел» шаруа қожалықтары бір бірден МТЗ тракторларын лизингке алды. Бұлардың барлығы да құжаттарын пайыздық сыйақыларын субсидиялауға құжаттарын тапсырды. «Бейсен» ш/к өтініші қанағаттандырылып субсидия төленуде, мұның сыртында биылғы жылы «Нұрай-Н» ЖШС-гі тағы 3 «Джон Дир» комбайнын лизингке алды. Құжаттарын енді тапсырады. Сондай-ақ «Ильяс» ш/к -1, «Шерхан» ш/к -2 «Вектор» комбайндарын лизингке алуға өтініштерін тапсырып қойды, шешім қабылдануын күтіп отыр. «Нұрай-Н» ЖШС 2011-2014 жылдары жалпы сомасы 282 млн 957 мың тенге тұратын техникаларды лизингке алып, пайыздық сыйақыларын субсидиялауға құжаттарын тапсырды. Бүгінге текті осыдан 221 млн. 215 мың тенге бойынша оң шешім қабылданып ЖШС-не 83 млн 055 мың тенге жеңілдік жасалып отыр.

Амангелді ауданы бойынша көктемгі-егіс дала жұмыстарын жүргізуге 1290 тонна арзандатылған дизельдік отын бөлінді. «ҚазМұнайГаз Өнімдері» АҚ-на 400 тонна, 890 тоннасы «Tala Oil» ЖШС-гі операторлары болып белгіленді, мұнай қоймаларынан босату құны 1 литрге 95 тенгені құрады.

Күзгі егін жинау дала жұмыстарына 1397 тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Оның 600 тоннасы «ҚазМұнайГаз Өнімдері» АҚ, 500 тоннасы «Tala Oil» ЖШС-ен және 297 тоннасы «Қостанай Мұнай Өнімдері» операторлар арқылы босатылды.

Жалпы мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы саласына жасалып отырған қолдаулар мен жеңілдіктер жетерлік. «Агробизнес 2020» бағдарламасының Басымды ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша өсімдік шаруашылығы өнімдерінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға субсидиялар төлеу бағыты бойынша шаруашылықтан 39 млн. 626 мың 600 тенге теңгенің құжаттары қабылданған болатын. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы тарапынан қаржы жетіспеушілігіне байланысты 35 млн. 696 мың 992 теңге немесе 90 пайызы көлемінде қаржы қаралып, бірінші транш бойынша шаруашылықтарға есептелген көлемнен 65 пайызы немесе 25 млн. 923 мың 834 теңге шілде айында төленді. Тамыз айында екінші траншпен 9 млн. 773 мың 158 теңге төленді.

Гербицидтердің құнын арзандатуға тапсырылған құжаттарға сәйкес 22 млн. 605 мың 148 теңге субсидиялар толық көлемде төленді.

Сондай-ақ 2014 жылғы егіске жұмсалған 8212 тонна тұқым осы бағдарламаның аясында толық тексеруден тегін өткізілді.


«Тобыл» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының кепілдігімен «Азық түлік келісім шарт корпорациясы»

АҚ-нан көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін 93,0 млн. теңге несие алдық. Қажетті қосалқы бөлшектер мен жанар жағар май сатып алуға үлкен септігі тигенін, соның арқасында агротехникалық шаралардың уақытылы жүргізілгенін баса айтуымыз керек.

Шаруашылықтар берешектерін мерзімінен бұрын, яғни 17 қазанға текті толық қайтарды.

Амангелді ауданы бойынша 2014 жылы «Агро – бизнес – 2020» бағдарламасы аясында:

Ауданда мал сою пункттері және мал өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарын құру қажеттілігі және осы кәсіппен айналысуға ниет білдірген кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан жасалатын көмектер туралы облыс әкімінің орынбасары М.А. Дәрібаев аудан орталығында кәсіпкерлермен өткізілген кездесуде айтып берді. Соның нәтижесінде «Айтбай» шаруа қожалығы аудан орталығынан «Күніне 10 бас ірі қара сою пунктін салу» бизнес-жобасын әзірлеп, «Тобол» ӘКК бірлесіп жұмыс жасау үшін 30,0 млн тенге көлемінде қаржыландыруға құжаттарын ұсынды. Қаржыландыру мәселесі оң шешімін тапқан жағдайда аудан әкімдігі бизнес-жоспардың іске асырылуына жан-жақты қолдау көрсетуге және құрылыс жұмыстарын жүргізуге жер телімдерін бөлуге әзір.



Мал басының өсу барысы туралы

1. Ірі қара мал басы осы есепті уақытқа текті; 26912 басты құрайды, оның ішінде аналығы – 11043 бас. Өткен жылмен салыстырғанда мал басы 2940 басқа өсіп, өсім 12,6 % құрады.

2. Жылқы мал басы осы есепті уақытқа текті; 12511 бас, оның ішінде аналығы 4968 бас. Өткен жылмен салыстырғанда мал басы 1212 басқа өсіп, өсім 10,7 % құрады.

3. Қой, ешкі мал басы осы есепті уақытқа текті; 70959 басты құрайды, оның ішінде аналығы 41606 бас. Өткен жылмен салыстырғанда мал басы 2498 басқа өсіп, өсім 3,6 % құрады.

4. Түйе мал басы осы есепті уақытқа текті; 44 бас, оның ішінде аналығы 18 бас. Өткен жылмен салыстырғанда мал басы 6 басқа өсіп, өсім 15,8 % құрады.

5. Құс басы осы есепті уақытқа текті; 143189 бас, оның ішінде аналығы 102858 бас. Өткен жылмен салыстырғанда мал басы 56177 басқа өсіп, өсім 93,1 % құрады.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша

Осы есепті уақытқа текті; 143189 бас, оның ішінде аналығы 102858 бас. Өткен жылмен салыстырғанда мал басы 56177 басқа өсіп, өсім 93,1 % құрады.

Ет өндіру осы есепті уақытқа текті; 3322,9 тонна. Өткен жылмен салыстырғанда тірі салмақта ет өндіру 180,3 тоннаға өсіп, өсім 5,7 % құрады.

Сүт өндіру осы есепті уақытқа текті; 16222,9 тонна. Өткен жылмен салыстырғанда тірі салмақта ет өндіру 1714,4 тоннаға өсіп, өсім 11,8 % құрады.

Жұмыртқа өндіру осы есепті уақытқа текті; 6456,4 тонна. Өткен жылмен салыстырғанда тірі салмақта ет өндіру 2325,4 мың данаға өсіп, өсім 56,3 % құрады.

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша

Жалпы, етті мал шаруашылығын дамыту, Республикамызда өнімді көп беретін асыл тұқымды мал басын ұлғайту және етімізді көрші нарықтарға көптеп шығару. Осы орайда 2016 жылға қарай елімізден экспортта-

латын ірі қара мал етінің көлемін 60 мың тоннаға, ал 2020 жылға дейін 180 мың тоннаға жеткізу көзделуде. Әсіресе, мал шаруашылығын өркендетуге айрықша көңіл бөліне бастады. «Сыбаға» атты бағдарламасы 2011 жылы қабылданып, іске асырылуда. Қостанай облысы бойынша «Сыбаға» бағдарламасы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қостанай филиалы арқылы жүзеге асырылуда. Ауданымызда «Амангелді финанс» кредиттік серіктесігі жұмыс істейді.

2013 жылы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 214 бас ірі қара мал сатып алу жоспарланып, «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 11 шаруа қожалығы, 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – 93340,0 млн.тенге несие алып, 484 бас ірі қара мал сатып алып, жоспар 226 %-ға орындалды.

2014 жылы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 71 бас ірі қара мал сатып алу жоспарланып отыр. Бүгінгі есепті уақытқа текті 4 шаруа қожалығы 146 бас ірі қара мал оның ішінде 139 бас сиыр мен 7 асыл тұқымды бұқа сатып алып, жылдық жоспар 205,6 % орындалды.

«Құлан» бағдарламасы бойынша

«Құлан» бағдарламасы бойынша 100 бас жылқы малын сатып алу жоспарланып отыр. Бүгінгі есепті уақытқа текті, «Жуман» шаруа қожалығы 46 бас жылқы малын сатып алуға «Амангелді финанс» кредиттік серіктестігі арқылы, «Гаухар» шаруа қожалығы 30 бас жылқы сатып алуға «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қостанай филиалы арқылы құжаттарын дайындап тапсырылды. Аталған жобалар «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қостанай филиалында мақұлданып, кезекті қаржыландыру рәсімінен өтуде.

«Алтын асық» бағдарламасы бойынша

«Алтын асық» бағдарламасы бойынша 1300 бас қой малын сатып алу жоспарланып отыр. Бүгінгі есепті уақытқа текті, «Қуатбек» шаруа қожалығы 147 бас қой малын сатып алуға «Амангелді финанс» кредиттік серіктестігі арқылы құжаттарын дайындап тапсырылды. Аталған жоба «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қостанай филиалында мақұлданып, кезекті қаржыландыру рәсімінен өтуде.

«Жайылымдарды суландыру» бағдарламалары бойынша барлық мал шаруашылығы мен айналысуға ниет білдіруші шаруа құрылым басшыларына, ауылдық округ әкімдері арқылы хабарлама беріліп, жиналыстар өткізіп, аудандық «Амангелді арайы» газетіне мақала беріліп, ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Индустрияландыру картасынан тыс 3 инвестициялық жобалар игерілді:

1. «Ұлы-Дала» шаруа қожалығы шалғайдағы жатқан 90 мың га жерді игеріп, 239 бас ірі қара мал, 145 бас жылқы, 700 бас қой сатып алып, 3 мал қорасы мен 3 тұрғын үй үш пәтерден құрылыс салынып пайдалануға беріп, инвестициялық жобаны игерді. Барлығы 200,0 млн. тенге «Ұлы-Дала» шаруа қожалығының өз қаражатымен игерді. Аталған инвестициялық жоба 2014 жылдың 25 маусымында іске асырылып, пайдалануға берілді.

2. «Али-3» шаруа қожалығы шалғайдағы жатқан 8668 га жерді игеріп, 155 бас ірі қара мал, 120 бас жылқы сатып алып, 2 мал қорасы мен 1 тұрғын үй құрылыс салынып, пайдалануға беріп, инвестициялық жобаны игерді. Барлығы 120,0 млн. тенге «Али-3» шаруа қожалығының өз қаражатына игерілді. Аталған инвестициялық жоба 2014 жылдың 25 қыркүйегінде іске асырылып, пайдалануға берілді.

3. «Алишер» шаруа қожалығы шалғайдағы жатқан 484 га жерді игеріп, 150 бас ірі қара мал, 80 бас жылқы, 150 бас қой сатып алып, 2 мал қорасы мен 1 тұрғын үй құрылыс салынып пайдалануға беріп, инвестициялық жоба игерді. Барлығы 130,0 млн. тенге «Али-3» шаруа қожалығының өз қаражатына игерілді. Аталған инвестициялық жоба 2014 жылдың 25 қыркүйегінде іске асырылып, пайдалануға берілді.

Е. ЕЩАНОВ,
аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі ММ басшысы



Ұстаздық еткен жалықпас

БІЛІМ МЕН ІЗГІЛІК ДӘНІН СЕПКЕН

Өңіріміз елге адал қызмет еткен, халқы мақтан ететін жампоз тұлғалардан кенде емес. Солардың бірі – бар ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған мәртебелі ұстаз - Абдуалиев Болат Сейтжанұлы.

Бала кезінен ұстаз етуді мақсат еткен Болат Сейтжанұлы 1968 жылы арман қуып Қарағанды қаласына жол тартады. Ондағы мақсаты - өзі арман еткен ойын жүзеге асыру болатын. Ол Қарағанды мемлекеттік университетінің математика бөліміне құжаттарын тапсырып, бағын сынамақ болады. Он жыл алған білімінің қорытындысы негізінде жақсы баға алып, оқуға түседі. 1973 жылы аталған оқу орнын жақсы бітіріп, туған елге оралады.

Егер де адамзаттың өн бойында біліктілік, бекзаттық, ең бастысы адамгершілік ұяласа, бір Аллаһ жаратқан болмысы, айшықты ақары, мейірге толы жанары, кісілігі қоршаған ортасын, қызмет істеп жүрген ұжымын тәнті ете білсе, ол адамның қанша жыл жұмыс атқарса да абырой биігінің арта түсетінін Болат Сейтжанұлы өзінің еңбегімен, жүріп өткен жолымен баршаның көзін жеткізе білді.

Алғашқы еңбек жолын Аманкелді орта мектебінен бастаған ұстаздың еңбек еткеніне биыл 41 жыл болыпты. Ауданымыздың білім жолында өркендеуіне өзіндік үлесін қосып жүрген Болат ағайдың алдынан талай шәкірт нәрлі білім алып, қазіргі таңда өмірден өз орындарын тапқан тұлғалы жандар. Білікті мұғалім жиған білімімен емес, елдің атын шығарған шәкірттерімен мақтанады. Түрлі салада қызмет етіп жүрген өз шәкірттерінің еңбектерін көру - ұлағатты ұстаз еңбегінің жемісі екенін дәлелдейтіндей.

Қаншама жыл еңбек етіп, жұмыстың ыстығы мен суығын қатар көріп келген абыройлы жан жасының ұлғайғанына қарамастан қазіргі таңда Б.Алтынсарин орта мектебінде сапалы білім мен саналы тәрбие беру ісінде үздіксіз еңбек атқарады. Осы саладағы еңбегі бағаланып 1996 жылы 12 шілдеде Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Сонымен қатар биылғы жылдың қыркүйек айының 29-ы күні облыс орталығы Қостанай қаласында облыс әкімі Нұралы Мұстафаұлы Садуақасовтың арнайы қабылдауында болып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Еңбек ардагері»



медалімен марапаттады.

Қызметтегі абыройы мен білімінің арқасында «Одақ және республика бойынша халық ағарту ісінің үздігі», бірнеше медальдар мен марапаттаулардың иегері атанды.

Әр адам өз ұлтының әрі кішкентай бөлшегі, әрі адал перзенті екенін түсіне білсе, оның әрбір қадамының сәтті, нәтижелі болатыны белгілі. Осыны ұғына білген Болат Сейтжанұлы да сүйген мамандығының адал атқарушысы бола білді. Соның нәтижесінде еңбегі де елеусіз қалмай аудан, облыс, республикаға танылып, бағаланды.

Осының бәрі айтуға оңай. Бұл деген талай мазасыз күндер, ұйқысыз түндердің жемісі деген сөз.

Болат Сейтжанұлының осындай жемісті, аласыз еңбек етуіне біріншіден, Аллаһ жеткеріп, жаратқаны жарылқаса, екіншіден, қосылған адал жарының да ықпалы мол болды. Қызмет пен қатар жанұя мәселесін де бірінші назарда ұстай білді. Балалары өсті, жетілді, оқыды. Әрқайсысы отбасылы болып, өз орындарын тауып, халқына адал қызмет етуде. Құдай қосқан адал жары Қатима Махмұтқызы қазіргі таңда зейнет демалысында. Болат ағай мен Қатима апай 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Ұлдарының үлкені Қанат пен келіні Анар аудандық білім бөлімінде әдіскер болып жұмыс жасайды. Ортаншы ұлдары Дулат пен келіні Гүлсия Ақтөбе қаласында тұрады. Дулат «Sinoil» компаниясы басшысының орынбасары болып жұмыс жасайды. Қыздары Айну мен күйеу баласы Майдың Астана қаласында тұрады. Жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Кенже ұлдары Ернұр мен келіні Гүлім аудан орталығындағы білім ордаларында бірі математика, бірі биология пәні мұғалімі болып еңбек етуде. Болат ағай мен Қатима апай Ақнұр, Рамазан, Әмір атты немерелерінің сүйікті атасы мен әжесі.

Болат Сейтжанұлы халық үшін құрметті, туған жер үшін тұғырлы, айналасына құшағы кең, үлкен-кішіге бірдей қамқор, асқарқын мінезімен дос та, аға да, тұлға да, туған елдің перзенті де бола алатын абыройлы жан.

Біздің шоқтығы биік, іргелі ел болуымызға саналы да, білімді шәкірт дайындап, өз үлесін қосып жүрген осындай ағаларымыздың бар екенін мақтан тұтуымыз керек.

А.СЕРІКҰЛЫ
аудандық білім бөлімінің әдіскері.

Суретте: ҚР білім беру ісінің үздігі Б.Абдуалиев.

Өнерлі - өрге жүзер

АҚ ЖОЛ САҒАН, НҰРИЛА!

Киелі Батпаққара жері қашанда өнерлілер мен дарындылардан кенде болған емес. Осынау қасиетті өңірден талай өнерпаздар қияға самғады. Бүгінде солардан үлгі алып, ізін жалғап келе жатқан талантты қыздарымыздың бірі Нұрилла Қоқанбекова. Биыл Нұрилла Құмкешу орта мектебінің 7 сыныбында оқиды, оқу озаты.

Өнер – әр адамның бойындағы белгілі бір құдірет күші секілді. Нұриланың өнердегі аяқ алысы 6 жасынан басталды. Содан бастап мектепте өткен іс-шаралардың барлығынан тыс қалып көрген емес. Ән айтса көңілі жадырап сала беретін кішкентай аруымыздың ең алғашқы жеңісі 2013 жылы өткен «Ақжелкен-2013» жас әншілердің XII-ші аудандық байқауында бақ сынап, бас жүлдені жеңіп алып, аудан әкімінің арнайы сыйлығымен марапатталған кезі еді. Одан кейін де бірнеше байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Облыс, республика көлемінде топ жарып, абыройымызды асқақтатты. Нақтырақ айтсақ, екі жыл қатарынан облыстық «Алтын микрофон» балалар вокалдық байқауының дипломанты, халықаралық «Алтын микрофон» балалар вокалдық байқауының, «Бозторғай» балалар шығармашылығының халықаралық конкурсының лауреаты.

«Ата-ананың көз қуанышы – бала» деген. Баласының бойындағы дарынын байқаған ата-анасы талай облыстық, республикалық байқауларға өздері жетелеп апарды, оның жолы, киімі, тамағы, бәрін-бәрін өз қалталарынан шығарды, ол үшін ешкімге ренжіген де емес, қайта

балаларының жас та болса осындай жетістіктерге жетіп үлгергенін ата-анасы мақтаныш етті, «оның қуанғаны – біздің қуанғанымыз, сондықтан қызымыздың болашағы үшін қолдан келгенді аямаймыз», - дейді. Нұриланың әкесі Ихан жеке шаруашылықпен айналысып, ел игілігі үшін қызмет етіп жүрген еңбекқор жан. Осындай отбасында тәрбиеленіп өскен Нұриланың арманы да болашақта ата-ана үмітін ақтап, елі үшін еңбек ету. «Ән – менің өмірім, бала кезімнен теледидардағы әнші аға-апарларымызды көріп, менде осындай болсам ғой деп армандайтынмын. Ал бүгінде сол арманымыздың орындалып келе жатқанына қуаныштымын. Ол біріншіден, маған әркез қолдау көрсетіп, жанымнан табылатын ардақты ата-анамның арқасы, сол үшін ол кісілерге айтар алғысым шексіз. Жүректен шыққан ән ғана жүректерге жетеді дейді ғой, мен ән айтқанда өзімді басқа әлемде жүргендей сезініп, өзгеше бір күйге бөленемін. Сондықтан да сахнаға шығып, халық алдында ән шығару – мен үшін зор бақыт, болашақта үлкен әнші болсам деген арманым да жоқ емес», - деп өзінің жүрек түкпірінде жатқан сырымен бөлісті.

Олай болса, Нұриллаға тек қана шығармашылық шабыт, толағай табыстар тілейміз! Өнердің биік шыңынан көріне бер демекпіз.

Ботагөз ТЕМІРБАЙ.
Суретте: жас әнші Нұрилла Қоқанбекова.

Жағымды жаңалық

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУҒА ЖАН БІТСЕ, ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙДЕГІ 15-ТЕН АСТАМ КЕН АШЫЛУЫ МҮМКІН

Қазақстанның кең-байтақ жер қыртысындағы қазба байлығы молынан болжанағына қарамастан, біздегі ашылған кеннің негізгі бөлігі өткен ғасырдың 70-80 жылдарына тиесілі екені белгілі. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары да елдің кенін зерттеу бағытында жұмыстар біраз уақыт қантарылып қалған еді. Дегенмен, ең бастысы Қазақстан аумағындағы жер қыртысында пайдалы қазбаларды ашу мүмкіндігі жеткілікті екені дәлелденген. Шындығында, қазір ғалымдар да сарапшылар да көз жеткізген ақиқат - Қазақстанның келешегі тұрақты экономиканың даму моделі болса, минералды шикізаттар мен тау-кен металлургиясы сол дамудың бір тірегі болып қала бермек. Ал олардың болжамды қорларын нақтылап, өндірістік талапқа сәйкестендіру геологиялық ауқымды зерттеулер мен мол қаражатты қажет ететіні сөзсіз. Сондықтан да, Президент Н.Назарбаев Жолдауында: «Қазақстан геологиялық барлау саласы бойынша әлемдік нарыққа шығуға тиіс. Тиісті заңнаманы жеңілдетіп отырып, бұл салаға шетелдік инжинирингтік компаниялардан инвестиция тартқан жөн», - деп ерекше атап өткен болатын.

Ал бұл бағыттағы мемлекеттік саясат қандай? Шындығында, геологиялық зерттеулер, кен орындарын барлау жұмыстары соңғы жылдарға дейін дағдарыстық жағдайды бастан кешіп келді. Бұған бір мысал ретінде осыдан бір-екі жыл бұрын геологиялық зерттеулерге, кен орындарын іздеуге, бағалауға бөлінген мемлекеттік қаражаттың игерілмей қалуын айтсақ та жеткілікті. Қаражаттың игерілмей қалуына бірден бір себеп - сервистік геологиялық ұйымдардың кейбірі тоқырауға ұшырап, мамандарынан айырылуында екенін айтуға тура келеді. Тоқ етері геологиялық барлау жұмыстарымен айналысатын шетелдік компаниялармен бәсекеге түсетін Қазақстанда бірде бір ұйымның болмай отырғаны да осының айғағы болса керек. Тек соңғы жылдары ғана геологиялық барлау жұмыстарына қан жүгіре бастады. Кейінгі 15 жылдың ішінде 8 трлн. теңге геология саласына бөлінсе, оның 234 млрд. теңгесі геологиялық барлау жұмыстарына бағытталды. Соның нәтижесінде 2010-2013 жылдар аралығында ғана басымдықты пайдалы қазбалар түрлері қорының өсімі 30 пайызды құрады.

Ал әлемде бүгін қалыптасып отырған жағдай геология саласына көзқарасты мүлдем өзгертіп, оған барынша назар аударудың қажеттігін алға тартатыны да рас. Сондықтан да, Елбасы Н.Назарбаев жер қойнауын пайдалану заңнамасын жетілдіруге қатысты құжатты әзірлеп, оны қабылдауды жүктеген болатын. Жаңа құжат жер қойнауын пайдаланушылар жұмысында кездесетін кедергілерді жойып, саланың құқықтық базасын жетілдіруге, халықаралық стандарттарға өтуге және инвестициялық климатты жақсартып, тікелей шетел инвестицияларын тартуға бағытталуы тиіс болатын. Ал Инвестициялар және даму министрі Әсет Исекешевтің айтуынша, заң жобасындағы өзгерістердің қажеттілігі әлемде болып жатқан дағдарыстан құтылу аясындағы инвесторлар үшін басталған күрестен туындап отыр.

«Қазіргі таңда геология саласын мемлекеттік реттеу жағынан Қазақстан 112 елдің арасында 87-ші орында болса, ал жер қойнауының геологиялық тартымдылығы жағынан 31 орында. Шикізаттың ұзақ мерзімді тасымалының тұрақтылығы, геология саласындағы жұмыстар мен рәсімдердің ашықтығы - бүгінгі заманның талабы», - деді Әсет Исекешев.

Бұл ретте министр Қазақстандағы геология саласының реформасында, соның ішінде жер қойнауын пайдалануға берілетін құқық бойынша әлемде мойындалған австралиялық тәжірибе назарға алынғанын айтады. Мұндай шешім бір жарым жылдық зерттеу жұмыстары мен Дүниежүзілік банктің ұсынысы нәтижесінде қабылданған тәрізді. Сонымен қатар, бүкіл әлем бойынша австралиялық тәжірибе үздік деп саналады әрі бұл инвесторлардың да берген бағасы болып отыр. «Канада, Чили, Перу секілді мемлекеттер осы австралиялық тәжірибені пайдаланып, нәтижесінде геология мен жер қойнауын пайдалану саласында инвестициялық тартымдылықтан озық шығып отыр. Мәселен, Канаданың қор биржасында геологиялық барлау саласындағы компаниялардың капиталы 58 млрд долларды құрайды. Ал Австралияда әлемнің барлық дерлік ірі компаниялары жұмыс жасайды, бір ғана Батыс Австралияда жұмыс істейтін компаниялар саны он бес мыңнан асады», - деді Әсет Исекешев.

Министрдің айтуынша, Австралияда бар-

лау жұмыстарымен ел аумағының 27 пайызы қамтылған. Салыстырмалы түрде алып қарасақ, Қазақстанда тәуелсіздік жылдарынан бері қатты пайдалы қазбалар саласында бар-жоғы төрт жүз ғана келісімшарт жасалса, осы бағытта жұмыс істейтін компаниялар саны екі жүзден сәл ғана асады. Осының өзі дархан даланың қазба байлықтарына қатысты әлеуетті толық пайдаланбауды білдірмей ме? «McKinsey & Company» компаниясының алдын ала мәліметтері бойынша жаппай геологиялық барлау жұмысының нәтижесінде Қазақстанда 15-тен астам әлемдік деңгейдегі кен орындарының ашылуы болжанады. Бұдан бөлек, жаңа тау-кен өндірістері де ашылуы күтіледі. Сондықтан да, бұндай жағдайда геологиялық-барлау жұмыстарына инвестиция ағынын арттыру мақсатында бірқатар заңнамалық жаңалықтар енгізіліп отыр», - деді министр Әсет Исекешев.

Сонымен, заң жобасындағы новеллаларға келсек, жер қойнауын пайдаланушыларға геологиялық барлау жұмыстары үшін жеңілдетілген құқықтар беріледі. Мәселен, барлаушыларға бір блокка 1,8 шаршы шақырымнан кем болмайтын аз зерттелген жер учаскелері ұсынылады. Бұл ретте пайдаланушылар бірден 10 блокты да иелене алады, алайда оның әрқайсысы үшін жеке-жеке қаражат салып, жеке-жеке есеп беріп отырулары тиіс. Сарапшылардың пікірінше, мұндай ұсыныс инвесторларды тұрақты түрде қаражат салуға ынталандырады, ең бастысы Қазақстанда кең ауқымды, сапалы әрі тиынақты геологиялық зерттеу жұмыстары жүзеге аспақ.

«Өкінішке қарай, Қазақстан геологиялық барлау, зерттеу жұмыстарына мемлекеттік және жеке сектор қаражаттарын қоса алғанда бар-жоғы бір шаршы шақырымына 3 доллар қаражат шығындап отыр. Ал Австралияның осы мақсатқа жұмсайтын қаражаты шаршы шақырымына 160 доллар, АҚШ 90 доллар, Канада 200 доллар жұмсайды. Тіпті Ресейдің өзі 25 доллар жұмсайды. Яғни, соңғы жиырма жылда еліміздегі геологиялық барлау жұмыстарына салынған инвестиция кен қорларын дамытуға ешқандай үлес қоспаған», - дейді министр Әсет Исекешев.

Бұл ретте ведомство басшысы алдағы уақытта жер қойнауын пайдаланушылар үшін ақпараттарға қолжетімділіктің қамтамасыз етілетінін де алға тартады. Мәселен, министрлік бұйрықтары деңгейінде жер қойнауын пайдаланушылардың ақпарат алу мерзімі бұрынғы 240 күннен 1 күнге дейін қысқарған. Енді бұндай ақпараттың барлығы қолжетімді бола түсіп, алу арнайы сайттарда онлайн режимінде ұсынылады. «Біз ең алдымен шағын кен орындары мен барлау келісімшарттары бойынша процедураларды жеңілдетеміз, олар бойынша әкімшілік кедергілер ысырылады. Сонымен қатар, экономиканың ресурстық негізі нығайтылып, стратегиялық кен орындарында мемлекеттің басым құқықтары сақталатын болады», - дегенді алға тартады Әсет Исекешев.

Тұтастай алғанда, жер қойнауын пайдалануға қатысты заң жобасы бірқатар тұжырымдамалы әрі өзекті мәселелерді қамтып отыр. Біріншіден, Австралия тәжірибесі бойынша жер қойнауын пайдаланушылар құқығын беру көзделеді. Екіншіден, конкурстарда жеңіске жететіндерді таңдауға мүмкіндік беретін жаңа әрі мейлінше ашық тәсіл ретінде аукцион енгізу қарастырылады. Үшіншіден, келісімшарттар бойынша міндетті сараптамаларды 60 пайызға қысқарту белгіленеді. Төртіншіден, үлгілік келісімшарттарды оңтайландыру жүзеге асады, мәтіндердің қайталануы 98 пайызға дейін қысқарады. Бесіншіден, қарапайым келісімшарттар аясында жұмыс істейтін қатты пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдаланушылар өздерінің жобаларында өндіретін өнім мөлшерінен 10 пайызға дейін ауытқыған жағдайда келісу міндеттерінен босатылады. Яғни, жер қойнауын пайдаланатын инвесторлар азантай өзгерістер болғаны үшін кеңсе жағалап, табалдырық тоздырмайтын болады. Алтыншыдан, міндетті жобалық құжаттамалар тізбесінен техникалық-экономикалық негіздемелерді талап ету жойылады. Жетіншіден, жер учаскелерінің аумағы бойынша келісімшарттардағы кедергілер кертіледі.

Түйіндей айтсақ, қазір әлем елдері әрбір инвестор үшін талас-тартысқа түсіп отыр. Ендеше, елдегі инвестициялық климатты өзгерте отырып, мемлекеттік мүддені оңтайлы ұстану келешекке қадамды нықтай түсетіні айқын. Ал бұл үшін қолданыстағы заңнама заман талабы мен халықаралық стандарттарға сай жетіліп отыруы керек.

Қанат МӨМЕТҚАЗЫҒҰЛЫ



Бүгінгі конференцияда партияның аудандық филиалы Саяси Кеңесінің екі жылда атқарған қызметтеріне есеп береміз. Алда тұрған міндеттерді белгілейміз.

Есепті мерзімде аудандық филиалдың Саяси кеңесі мен оның Бюросы партияның он бесінші съезі мен Саяси кеңес шешімдерінің, Елбасының Қазақстан халқына Жолдауынан туындайтын міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету міндетін атқарды.

Партия тұрмысына қатысты мәселелерді талқылау мақсатында 3 кезектен тыс конференция, 4 Саяси кеңесінің және 7 Саяси кеңесі Бюросының отырыстары, бір бастауыш партия ұйымдарының аудандық форумын өткізді.

Күнтәртібінде «Қазақстанның өсіп-өркендеуі мен қазақстандықтардың игілігі үшін: біз елдің әрбір азаматының өмірін қалай жақсартамыз» атты партияның Халықтық тұғырнамасындағы басымдықтар көрініс тапты.

«Нұр Отанның» халықтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге дайын, қабилетті партия ретінде имиджін қалыптастыру жалғасын тапты.

Амангелді аудандық филиалында 15 бастауыш партия ұйымы жұмыс атқарады. Бастауыш партия ұйымдары ішінен 38 партиялық топтар ашылды. Әр мекеме өздерінің мәселелеріне баса назар аударуына мүмкіндік туды. Бұл мәселені шешуде алдымен ішкі партиялық тәртіпті нығайту аса қажет. Сол себепті аудандық филиалдың Саяси кеңес мүшелері бастауыш партия ұйымдарына осы жұмысқа жауапты ретінде бекітілді.

Өздеріңізге белгілі, партияның саяси имиджін нығайтуға, аппараттың және барлық партия қызметкерлерінің біліктілігін көтеруге жоғары талаптар қойылды. Осыған байланысты Жоғары партия мектебінде аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары арнайы курстардан өтіп келді.

Осындай жұмыстардың және ішкі партиялық тәртіпті нығайту нәтижесінде, қатарымыз саяси ерік-жігерімен елге адал қызмет істеймін деген саналы азаматтармен толығуда.

Мысалы, есепті мерзімде қатарымыз 242 мүшеге толығып, бүгінде аудандық партия ұйымында 1512 мүше бар, оның 47 пайызы жоғары білімді, яғни 710 адам, 659 адам арнаулы орта білімді, 43,5 пайызы.

Сапалық құрамына көз жүгіртсек: білім беру және денсаулық сақтау саласының қызметкерлері 679 адам, яғни 46,2 %, экономика және қызмет көрсету саласының қызметкерлері 47 адам, немесе 3,1 %, мемлекеттік органдар қызметкерлері 197, немесе 13 %, шағын және орта бизнес өкілдері 64 адам, 4,2%. Бірақ, аудандағы аграрлық саланың басымдылығына қарамастан, бүгінге партия мүшелерінің 2,7 пайызы ғана ауыл шаруашылығында жұмыс істейді.

Осындай жағдай шағын және орта бизнес, экономика және қызмет көрсету саласындағы кәсіпорын өкілдеріне де тән.

Бастауыш партия ұйымдарында зейнеткерлер мен жұмыссыздар саны 325 адам, немесе барлық партия мүшелерінің 21,5 пайызы.

Осы есепті мерзімде аудандық филиал бойынша барлығы 3 681 547 теңге партиялық мүшелік жарна жиналды, оның ішінде: 2013 жылы 1 538 682 теңге мүшелік жарна жиналса, биыл, 2014 жылдың 1 қарашаға текті 2 142 865 теңге жарна жиналған. Бұл 2013 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1 041 319 теңгеге, немесе 194 пайызға көп.

Партияның аудандық филиалы қоғамдық-саяси жұмысты жүйелі түрде жүруде.

Есептік мерзімде 135 түрлі шаралар өткізіліп, оған 12 100 адам қатысты, оның ішінде Елбасының халыққа Жолдауын насихаттау ба-

рысында 2510 адамды қамтитын 65 кездесу өткізілді. Партияның 15 жылдық мерейтойына арналып ашық есік күндері, дөңгелек столдар, еңбек ұжымдарында кездесулер өткізілді.

«Елің қуатты болса, бағың тұрақты болады» деген халқымыздың сөзі бар. «Күнімізді шуақты ету үшін елімізді қуатты ету баршамыздың ортақ парызымыз болып табылады», - деген партиямыздың Төрағасы Н.Ә.Назарбаев, - Елімізді әлемнің ең қуатты 30 елінің қатарына кіргізу – халқымыз алдындағы ең үлкен мұрат, ұлы мақсат. Бұл «Нұр Отанның» болашаққа жол сілтейтін темірқазығы болуға тиіс».

«Қазақстан - 2050» стратегиясы мен «Нұр Отан» саяси доктринасы: «Нұр Отан» партиясының кешенді бағдарламасы» деп аталды.

«Нұр Отан» партиясының жаңа Саяси Доктринасы ел бірлігі мен тәуелсіздігін нығайтуға негізделген құжат. «Нұр Отанның» жаңа Доктринасы – Елбасы Стратегиясын жүзеге асырудың саяси тұжырымдамасына айналады. Доктринада қоғамдық келісім, дәстүрлер, бірлік деген ұғымдар басты басымдықтар мен құндылықтар қатарына жатқызылған.

Амангелді аудандық филиалы партияның жаңа Доктринасы талдау, түсіндіру және іске асыру мақсатында біршама жұмыстар атқарды. 2013 жылдың екінші қыркүйек күні аудандық филиалдың Бюро мәжілісі аудандық мәслихат депутаттарының қатысуымен шақырылды. Күн тәртібінде:

1. «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясының қайта жаңғырту жұмыстары туралы.
2. «Нұр Отан» ХДП Нұрлы болашақ жолында» атты саяси доктринасы туралы.
3. «Нұр отан» ХДП Амангелді аудандық филиалының конференциясын шақыру туралы.
4. «Нұр отан» ХДП Амангелді аудандық филиалының конференциясына бастауыш партия ұйымдары бойынша делегаттар квотасын белгілеу туралы.
5. Қарасу сайлау округі бойынша Аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ұсыну туралы мәселелер қарап, шешім қабылдады.

Осы бюро шешімін орындау мақсатында аудандық филиалдың бастауыш партия ұйымдарында қыркүйек айының 4 мен 13 күндері аралығында Саяси Кеңес мүшелерінің және қалалық мәслихат депутаттарының қатынасуымен жиналыстар өткізіліп, партияның саяси доктринасының жобасы қызу талқыланып, бірауыздан қолдаған шешімдер қабылданды. Жиналыс өткізу кестесі мен бастауыш партия ұйымының жиналысының құжаттары тіркелген. Жиналысқа 1 430 партия мүшесінің 1 072 мүшесі қатынасқан, яғни 75 %.

Осы істелген жұмыстарды қортындылау мақсатында 2013 жылдың 19 қыркүйегінде аудандық филиалдың XIV конференциясы өткізілді. Конференцияның күн тәртібінде: «Нұр Отан» ХДП Қазақстан - 2050» стратегиясын іске асыру шеңберіндегі жаңа міндеттері және партияның Саяси доктринасы «Нұр Отан. Нұрлы болашақ жолында!» туралы мәселер қаралып, конференция делегаттарының тарапынан қызу талқыланып, қолдау тауып, конференцияның қаулысы қабылданды.

«Нұр Отан» партиясының 18 қазан 2013 жылы Астана қаласында өткен кезектен тыс XV съезінің делегаттары Ташимов Абзал Қамбарұлы және Игіліков Нұрлыбек Мағауияұлы аудандық филиалдың бюросы бекіткен жұмыс жоспары бойынша еңбек ұжымдарында, бастауыш партия ұйымдарында және де ауыл-село тұрғындарымен XV съезде қабылданған партияның жаңа «Нұр Отан. Нұрлы болашақ жолында!» Саяси доктринасын насихаттау, түсіндіру мақсатында қазан айының 24 қараша айының 21 аралығында барлығы 33 кездесулер өткізді. Кездесуге 1 239 адам қатысты. оның ішінде: жа-



стармен 8 кездесу, қатынасқан жастар 152; еңбек ұжымдарында 11 кездесу, қатынасқан адамдар 510; ауыл тұрғындарымен 12 кездесу, қатынасқан тұрғындар 545; қоғамдық ұйымдар және мемлекеттік емес мекемелер 2 кездесу, қатынасқан адамдар 32. Кездесу кездерінде қатынасқан адамдар тарапынан шағын және орта бизнесті дамыту және несие алуға көмек көрсету мәселелері турасында ұсыныстар түсті.

2014 жылдың 5 ақпан күні Амангелді аудандық филиалының кезектен тыс XV конференциясы өткізіліп, онда бастауыш партия ұйымдарынан сайланған 26 делегаттың қатысуымен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын талдады.

Амангелді аудандық филиал қабылданған конференция қаулыларын дер кезінде орындауға және іске асыру мақсатында үгіт-насихат топтары ұйымдастырып партия мүшелері мен халық арасында партияның Саяси доктринасы мен Президенттің Халыққа Жолдауын 24 қаңтардан 1 сәуірге дейін насихаттау жұмыстары дөңгелек стол, пікір-сайыс, семинар, жиналыс түрлерінде өткізілді. Осы аралықта барлығы 27 кездесу өткізіліп, 478 адам қатынасты. Үгіт-насихат жұмыстары бекітілген кестелер бойынша жүргізілген.

Жаңа Саяси Доктрина толеранттылыққа, отансүйгіштікке негізделген. «Нұр Отан» партиясының Саяси Доктринасы ұлтымызды және барша қазақстандықтарды жанарту, түлету, дамыту жағдайына бағытталған.

Партиялық бақылау комиссиясы Амангелді аудандық филиал Саяси кеңес Бюросы бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс атқарады. Партиялық бақылау комиссиясы есептік мерзімде 8 отырыс өткізді.

«Бизнестің жол картасы 2020», «Жұмыспен қамту 2020» мемлекеттік бағдарламасының орындалуына қадағалау жасау, партия мүшелерінің ішкі тәртіпті сақтауына қадағалау комиссия жұмысының басты бағыттары.

2013 жылы әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына, бюджеттік қаржылардың тиімді жұмсалыуына, жұмыс сапасына қоғамдық қадағалау жасау мақсатында аудандық филиалдың партиялық бақылау комиссиясының 3 бақылау бекеті құрылып, бақылау бекетінің төрағаларының есептері тыңдалды.

2014 жылдың басында азық-түлік өнімдерінің бағасының күрт өсуіне байланысты «Нұр Отан» партиясының аудандық мәслихаттағы депутаттық фракцияның кезектен отырысы өткізіліп, күнделікті бағаға мо-

ниторинг жасайтын жедел топ құрылды. Жедел топ өкілдері кәсіпкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Жедел топ баға тұрақтанғаннан кейін жұмысын тоқтатты.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының жемқорлықпен күрес қоғамдық кеңесі жемқорлықпен күресте қоғамдағы өз орнын айқындап үлгерді.

Бүгінде партия мемлекеттік органдар мен азаматтық институттардың жемқорлық деңгейін азайтуға көздеген қызмет тиімділігін арттыруға күш салуда.

«Биліктегі әділдік – елдегі тәртіп», «Жаппай құқықтық оқу» қозғалыстары игі шаралардың қатарын молайтуда.

Қоғамда жаңа көзқарас қалыптастыру мақсатында нәтижелі қызмет ететін іс-шаралар біздің назарымыздан тыс болған емес.

Осы мақсатта ынталандыру байқауларын өткізу дәстүрге айналды. Жалпы республикалық «Жемқорлыққа – жоқ дейміз!» акциясы аясында көпшілік іс-шараларға үлкен мән беріліп келеді.

Партияның бастамасымен басталған «Өзіңнен баста» науқаны аясында қандай қаражатқа өмір сүріп жатқаны туралы жұртшылықты құлағдар етуші лауазым иелерінің де саны артып келеді.

2015-2025 жылдарға арналған «Нұр Отан» партиясының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасының жобасы барлық бастауыш партия ұйымдарда талқыланып, мақұлданды.

Сыбайлас жемқорлық дертімен күреске елді жұмылдыру мақсатында, мемлекеттік органдар, құқық қорғау органдары және бірқатар қоғамдық бірлестіктермен өзара ынтымақтастық туралы екі Меморандумға қол қойылды. Меморандумға байланысты тұрақты түрде халыққа қызмет көрсету орталығында қызметкерлерімен дөңгелек столдар, спорттық іс-шаралар өткізіліп тұрады.

«Нұр Отан» партиясы мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары қызметтерін үйлестірудің тиімділігін арттыруға қол жеткізді.

Азаматтардың өтініштері дер кезінде қаралады. Олардың дұрыс шешімін табуына мән берілді. Партияның аудандық филиалдағы қоғамдық қабылдауларға мәселелер бойынша келетін адамдар саны жылдан-жылға көбеюде. Есеп беріп отырған екі жылда 318 өтініш қаралды. Оның 80 пайызы өз шешімін тапқан. Бұл алдындағы есепті кезеңмен (2011-2012) салыстырғанда екі есе көп.

Мәслихаттағы фракция мүшелерінің қабылдауларынан басқа 5 көшпелі және 9 арнайы «ашық есік» күндерін және «Бизнестің жол картасы-2020», «Жұмыспен қамту 2020 жол карта-

сы» мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға байланысты «Бірыңғай қабылдау күні» атты акция өткізілді. Аталған шаралар нәтижесінде қоғамдық қабылдау жұмыстарының тиімділігі артты.

Аудандық филиалдың Саяси кеңесі мен оның Бюросы өз қызметінде «Жас Отан» жастар қанатының жұмысына айрықша мән беріп келеді. Олар патриотизм, тіл, нашакорлыққа және қылмысқа қарсы күрес, жемқорлық, салауатты өмір салты, экология және тағы басқа қоғамдағы түрлі салалар бойынша атқарылған іс-шаралардың саны - 25-ке жуық.

Егеменді елімізде бүгінде талай жаңа бастамалар мен идеялар жүзеге асуда. Осындай дер кезінде қабылданған, маңызды жобалардың бірі «Дипломмен ауылға» идеясы. Елбасының бастамасымен дүниеге келген бұл жобаға сәйкес бүгінде жастарды жұмыспен қамту қарқынды жүргізілуде. Ауылдық жерлерге жас мамандар жұмысқа тартылуда. Аталған бағдарлама бойынша қазіргі таңда ауданымызда 45 жуық маман жұмысқа кірісті. Оларға қамқорлықтар жасалуда: 45 маманға бір жолғы жәрдем ақы және пәтер сатып алуға 16 маманға несие төленді. Басты идеологиялық құндылықтар: халық бірлігі, нарықтық экономиканы дамыту, саяси плюрализм және мәдени өмірді жақсарту болып табылады. Жаңа партиялық бағдарлама – бұл экономиканы ғана емес, барлық қоғам өмірін жаңартудың саяси тұғырнамасы. Біз мұны терең түсінеміз. Оны жан-жақты қолдаймыз. Соған сәйкес қызмет жасаймыз, аянбай еңбек етеміз.

Биыл жыл басында «Нұр Отан» партиясы әлеуметтік топтарға бағытталған 12 партиялық жобаны іске қосты. Аталмыш жобалар бизнесті, ауылдарды дамытуға, жастар мәселелеріне бағытталған. Сонымен қатар, партия мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Амангелді аудандық филиалы бойынша мүмкіндігі шектеулі жандарды белсенді әлеуметтік өмірге тартуға қатысты партия көшбасшысының тәртібін орындау мақсатында «Кедергісіз келешек» жобасын іске асыру қолға алынды, оның аясында жұмысқа орналасуға тілек білдірген 35 адамнан - 28 адам жұмысқа орналасты.

Сонымен қатар, партиялық жобалар бойынша «Айқын тариф», «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты балалық», «Біздің ауыл», «Бақытты отбасы», «Сәтті қадам», «Партияның жаңа 50 тұлғасы» атты іс-шаралар өткізілді. Жобаларды насихаттау жұмысы бастауыш партия ұйымдарында ұйымдастырылып жүргізілді. Атырылған жұмыстар ақпарат құралдары арқылы халыққа жарияланып отырды.

«Нұр Отан» партиясының Амангелді аудандық филиалы есепті мерзімде мемлекет пен қоғам мүддесі үшін қызмет атқарды. Алда үлкен істер күтіп тұр. Туған Отанымыздың өсіп-өркендеуі үшін бізге халықтық бірлікті, саяси тұрақтылықты сақтау ерекше қажет. Елбасы, партия төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жүргізіп отырған парасатты саясаты – Қазақстан дамуының басты кепілі. Сондықтан да, халықтың зор қолдауына ие болған «Нұр Отан» партиясы әрқашан көш басында болуға міндетті. Бұл ортақ істе, біздер қоғам мен мемлекет дамуына өз үлесімізді зор еңбегімізбен қосамыз, жаңа идеялармен жаңғыртымыз.

А.Қ.ТАШИМОВ,
«Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары.

Суретте: «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары А.Ташимовтың Қарасу ауылдық округінің «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымы төрағасы Төлепберген Байдырахманды марапаттау сәті.

ҚАҒАРЛЫ КҮНДЕР ШЕЖІРЕСІ



Ел басына күн туып, ер етігімен қан кешкен, миллиондаған адамзат баласы жазықсыздан жан кешкен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында ерлік қимылдарымен, ересен қайрат жігерлерімен Отанымызды жаудан қорғап қалған ерлердің есімдерін ел-жұрты ерекше қастерлеп келеді. Алайда олардың қатары жыл санап сиреп бара жатқан Ұлы Отан соғысының ардагерлері елімізде ерекше құрмет пен ілтифатқа ие. Тарихи деректерге сүйенсек Ұлы Отан соғысы басталғанда біздің ауданнан 4782 адам майданға аттанған болса, солардың

1521-сі майдан даласында көпшілігі опат болса, қалғандары хабар-ошарсыз топырақ астында қалды. Ал, сұрапыл қырғын соғыстан тек 1600-дейі ғана елге аман-сау, кей бірі мүгедек болып оралған екен. Міне сол кейінгі ұрпағының болашағы мен Отан үшін, жаумен бетбе-бет ұрысқа түскен майдангер ата-ағаларымыздан қазіргі таңда ортамызда Хайролла Байділдин мен Ертай Мұқановтай сұрапыл соғыстың тірі куәгерлері ғана қалды, бұған да шүкірлік дейік.

Соғыс басталған 1941 жылдың 15 маусым күні аудандық партия комитеті, аудан активтері мен колхоз басшыларын жинап, «Алматыдағы 1-вагон жөндеу станция жұмысшыларын майданға жіберу жөніндегі» Үндеуін талдайды. Осы Үндеуге байланысты соғысқа өз еріктерімен аттанғандардың қатарында Шілдебай Ахметов, Бейсенбек Әбенев, Мұхамбетриза Нұғыманов, Әбдік Нұрманов, Әмір Досанов, Қонысбек Закиров, Бөстекбай Наурызбаев, Иса Омаров, М.Ыбраев, Қаз.ССР-ның депутаты, Киров колхозының басқармасы Әубәкір Дүйсенбин, аудандық комсомол комитетінің хатшысы З.Искаков, Калинин колхозының басқармасы Кәмел Едресовтер аттанған екен. (У.Хайруллин. «Отты жылдар» 7.05.1995ж.)

Қан майданда айқасқан ағаларымыздың ерлігінің арқасында қол жеткен Жеңіс жемісін халқымыз күні бүгінге дейін көріп отыр. Қаһарман- майдангер ата-ағаларымыздың ерлігінің көбін жастарымыз біле бермейді, сондықтан ел-жұртымыз, кейінгі өскелең ұрпақ үшін, үнемі еске түсіріп отыруға тиіс.

Лениндік сыйлықтың лауераты С.Смирновтың «Брест қорғаны» атты кітабында «Брест - ол апайтөстерін апатқа алғашқылардың алғашқысы болып тосқан боздақтардың ерлік орны. Өйткені жау атқан оққа жер шыдамады, ойылып кетті. Тас қорған да бөгет бола алмады, қақ айрылды. Таңқалатын бір нәрсе - сондағы топан сел, отты ағынға адамдар төтеп берді» - деп жазады. Міне, бес жыл бойы осындай алапат шайқастардан аман қалып елге оралған майдангер ата-ағаларымызды ерен ерліктерін ұмыту мүмкін бе? Бұрыннан ақпарат құралдары да, қаламгерлердің жазған шығармаларында жазылып, айтылып жүрсе де, тағы бір рет, сол майдангерлердің кейінгі ұрпаққа ғибрат боларлық ерліктерін қайталап өткенді жөн көрдім.

Осындай сұрапыл соғыс жылдарындағы ерліктерімен де, соғыстан кейінгі жылдардағы ауданның мәдени-әлеуметтік және экономикалық дамуына үлес қосқан қызметтері мен абройлы атанған ағаларымыздың бірі Ахметов Сейіл. Ол кісі 1924 жылы Қостанай облысының Науырзым ауданында туған.

Ата-анасы қайтыс болып, бұрынғы Семиозер ауданындағы балалар үйінде тәрбиеленіп, білім алады. Ұлы Отан соғысы басталғанда әскер қатарына алуға жасы жетпесе де өзі сұранып Торғай әскери комиссариатынан 1941 жылдың қаңтар айында әскер қатарына алынып, кіші командирлер дайындайтын алты айлық курсты бітіріп, соғыста II Украина майданында 82-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 244-ші полкінде бөлімше командирі болып қызмет етеді. Кейін Сталинград түбіндегі шайқасқа қатынасады. Сталинград шайқасының сонша қатты болғанын тарих деректеріне қарағанда, екі жақтанда қатынасқан әскери құрамалары мен әскери құралдардың санынан-ақ байқауға болады. Жау жағынан бұл ұрысқа ең таңдаулы деген дивизиялардан төрт жүздей әскер қатысса, біздің жақтан 250 мыңдай жауынгер, яғни 17 дивизия жауынгерлері жауға жан қиярлықпен қарсы тұрып, Сталинградты алу үшін жанталаса ұмтылған жаудың 1222 ұшағы мен 1000-нан аса танктеріне қарсы соғысты. Сталинградқа таяу тұрған Котельникова селосы түбіндегі ұрыста сержант С.Ахметовтың бөлімшесі жаудың 11 танкісіне қарсы тұрып, бір өзі жаудың 3 танкісі мен 18 солдатының көзін жойған. Сонымен қатар жаудың 4 солдатын тұтқынға алған, оның үшеуі немістің офицерлері. Осы жаумен бетбе-бет шайқаста көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен нағадталған. Секеннің майдандағы ерлігі туралы 1942 жылы облыстық «Большевиктік жол» газетінде арнайы хабар жазылған болатын, соғыста үш рет жараланса да майдан даласынан кетпеген. Майдандағы ерліктері жоғары бағаланып, соғыста III дәрежелі «Даңқ», I дәрежелі Отан соғысы ордендері және жауынгерлік 8 медалімен, Эльбаға дейін жетіп, жеңіспен оралған майдангер. Сан ғасырлар өтер, бірақ Сталинградты қорғаудағы қазақ халқының тамаша ерлігі мен қаһармандығы әсте ұмытылмақ емес. Майданнан елге оралғаннан кейін С.Ахметов соғыс кезінде тұралап қалған ауданның ауылшаруашылығында колхоз басқармасы, кейін сауда саласында орынбасар, мал өнімдерін дайындау және газ мекемелерінің бастығы, селолық әкімшіліктің төрағасы т.б. қызметтер атқарып аудан, облыс басшылары тарапынан бірнеше рет марапатталған ауданның белді азаматының бірі болатын. 1987 жылы зейнеткерлікке шығып, ұл-қыздары мен олардан тараған немере-шөберелерінің қызығын көріп, бұл дүниеден армансыз өткен жан болатын.

Б.УАХИТҰЛЫ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Дініміз - демеушіміз

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН РУХАНИЛЫҚ: ҚАЙТСЕК ҚАТАР ӨРІСТЕМЕК?

Зайырлылық деген не? Сыртқы форма ішкі мазмұнға қызмет етуге тиісті. Сонда ғана қоғамның үйлесімді дамуына жол ашылады. Дін саласына қатысты айтқанда, діни таным өзінің табиғаты жағынан «біз және олар», «біздікі дұрыс, өзгелердікі теріс» дилеммасын тудыратын таным. Яғни сыртқы форма басым түседі. Мемлекеттің зайырлылық ұстанымы осы бөліністі болдырмауға, діндер арасында ортақ платформа, тепе-тең сұхбаттасу орын алуына мүмкіндік береді. Жасырағы жоқ, исламды тек құлшылықпен, мешітпен, Құранмен байланыстыру – дініміздің тынысын тарылтатын жәйт. Қазіргі таңда әлемді алаңдатып отырған радикализм мен фундаментализм құбылыстарының сыртқы форманы ішкі мазмұннан жоғары қоюдан бастау алғаны да, көп жағдайда билік үшін, жаулап алу үшін пайдаға асқаны да тарихтан аян. Шындығында ислам идеялары адамгершілік тәрбиеге қызмет етуі керек. Ұлытау жерінде берген сұхбатында (25 тамыз, 2014 жыл) мемлекет басшысы Н.Назарбаев: «Біз бұдан ажырап, дінді шынайы имандылыққа жақындатып, оның жақсы жағын алуымыз керек. ...Сонда діннің мемлекетке зор пайдасы, үлкен қамқорлығы болады. Ол елдің басын біріктіреді. Міне, осындай исламды құрметтеуіміз керек» деп дінді өркендету жолы қайсы деген мәселеде бағыт сілтеді.

Сонымен, зайырлылық дегеніміз - діни канондарға құрметпен қарау, діни мәдениетті оқыту, қолдау және мемлекет пен діни бірлестіктер арасында теңдікті сақтау, ғылым мен дінді ымыраластыру жүйесі. Зайырлылықтың түрі көп. Оған идеологиялық, мәдени-әлеуметтік және ағартушылық аспектілер тән. Сондықтан да оның өзгелерге ұқсамайтын қазақстандық типін, моделін жасау маңызды. Ол үшін зайырлылық руханилықпен ұштасса, байытылса жөн. Мысалы оқу орындарында діншілдіктің емес, құдайшылықтың рухы тамыр жайса игі. Өйткені, құдайшылық пен жоғары руханият егіз ұғымдар.

Жоғары руханият деген не? Осыған келейік. Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің төрағасы Марат Әзілханов «Жоғары руханият – зайырлы және діни құндылықтар негізі» деген тақырып қойылған «Егемен Қазақстан» газеті (22 шілде, 2014 ж.) тілшісіне берген сұхбатында дінді руханилендіру қоғамдағы діни ахуалды реттеудің негізгі тетігі дей келе, бұл ойын былайша дамытты: «Дінге рухани негіз ретінде қарап, оның жасампаз құндылықтарын, рухани әлеуетін басты назарға алған жөн. Діннің рухани әлеуетін мәңгілік идеяларға, зайырлылық идеяларына пайдалануға болады. Сол арқылы барлық жоғалтқанымызды түгендеп, мызғымас құндылықтар

қалыптастыра аламыз. Дәстүрлі құндылықтардың негізінде де дәл осы дінді руханилендіру үдерісі жатқанын ұмытпаған жөн».

Реті келіп тұрған соң, «дінге руханият негізі ретінде қарау», «діннің рухани әлеуетін пайдалану» және «дінді руханилендіру» деген тың ойлардың астарын аша кетпекпіз. Абай атамыз: «Адам екі нәрседен: бірі – тән, бірі жан», - деген. Кәне тән үшін күніне үш рет тамақтануды кім ұмытсын. Ал, жанымызға да жүйелі нәр, азық керектігі ше? Әлбетте, мұны ескере бермейміз. Тамақ тоқ, көйлек көк болса болды, бітті деп. Шындығында жан жабырқап, көңіл шіркін пәс болса, ештеңе де ілгері баспайды, ісіміз де көгермек емес. Қайта ұрыс-керіс, жанжал көбейіп, араздыққа, күншілдікке себептер табыла кетпек. Таңның атысы, күннің батысы ойлағанын құр құлқынның қамы болса, жаның ашықпағанда қайтеді. Нәпсі тойымсыздығы жайында.

Кәпір көздің дүниеде араны үлкен, Алған сайын дүниеге тоя ма екен? Қанша тірі жүрсе де, өлген күні Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен, - деген данышпан Абайдан артық айта алмасак керек-ті. Екінші жағынан, жан азығы деген, кейбіреулер ойлайтындай, әлемдік деңгейдегі жылтырауық мәдениет емес. Оның суаты - тек әдебиет пен түрлі өнер өрістері десек те қателікке ұрынамыз. Кәдуілгі адамдардың бірі бірімен сөлемдесуі, сіз-біз деп сыйласып, бірін бірі қонаққа шақырысуы, жасы үлкен адам келе жатқанда, атып тұрып орын беру, қыз-келіншектердің ер адамды кескестемей, сызылып жол беруі сияқты көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын әдет-ғұрыптардың күллісі жан азығы болып табылады. Задында, махаббат пен әділет көп жерде, өсіп өнбейтін, көгермейтін ештеңе де жоқ. Мінеки, діннің рухани әлеуетін пайдаға асыру деген ой-пайымда осы астар бар.

Сайып келгенде, руханилық дегеніміз - ұлттық дәстүрдің тамырынан нәр алатын сабақтастық, ата-баба салтымен жұғысты болатын мәдениеттің үлкен қайнар бұлағы. Сондықтан «дінді руханилендіру» тіркесі ұлттықәдет-ғұрып, салт-дәстүрді жандандыру, сол арқылы халыққа имандылық тәрбие беру деген мағынаны білдіреді (негізі, дінді руханилендіру, жандандыру, мейлі, реформалау делініп түрліше айтылса да, бұлар ниеті ізгі, мақсаты ортақ әрекеттер. Бәр-бәрі жан азығын молайту, имандылықты нығайту, қоғам санасын кемел етуді көздейді. Оның «Мәңгілік Ел», «Қазақстан-2050» сияқты стратегиялық мақсат, идеялармен қабыса табысуы осымен өз түсінігін табады). Дінді руханилендіру жайлы берер түсінігіміз әзірге осы.

Тағы бір пысықтай отыралық, жоғары руханият - қоғамда бауырмалдық, жанашырлық, үлкенді сыйлау, ауызбіршілік сияқты адамдық нормаларды қалыптастыру және ғылымды азық қылу. Оның негізі – Құдайға сенім, терең теологиялық таным. Кең мағынасында Аллаға ұнамды істердің бәрі де – құлшылық болып табылады. Хадис-шариф: «Адамның жақсысы

– адамдарға, елге пайдасы тигендері» деген.

Бұған дейін мемлекеттің дін саласы саясатында зайырлылыққа, оны діндарлықпен үйлестіру ісіне басымдық берілді (қоғамдық сананың посткеңестік даму сатысында осылай болуы заңды да). Ендігі жерде зайырлылықты руханилықпен байыта дамытқан жөн. Руханилықтың өзегі - имандылық тәрбие мен дәстүрлі құндылықтар синтезі. Бұл діннің тәрбиелік һәм мазмұндық жағына баса мән беру бағыты. Бұл жағдайда дін «әлсіремейді», қайта халық пен діннің арасы жақындай түспекші.

«Түйе үстінде отырып, сирақ үйіткен»-дей болмауы үшін зайырлылық пен руханилықты қосақтап өрістетуге деген ойымызды тарата отыралық.

Құранда: «Шын мәнінде сен бір ескертпшісің. Сондай-ақ, әр елдің де өз шапағатшысы бар» (Рағд сүресі, 7-аят) және «Бір қауым өзін өзі өзгертпейінше Алла оны өзгертпейді» (сонда, 11-аят) делінген. Бұл аяттар әр елдің, әр ұлттың мәдени-рухани көші ешкімге ұқсамайтын өзіндік соқпақпен өтуі керектігіне мензейді. Екіншіден, жоғары руханият – қазақ даналары сілтеген бағыт. Дәлелге хакім Абайдың «толық адам», «үш сүю» ілімдерін атасақ та жеткілікті. Аталмыш ілімдер бойынша Тәңірілік үш сипат (ғылым, мейірім, әділет) барша діндерге, ұлттарға, жалпы адамзатқа ортақ негіздер. Әсілі, адамзат қауымдастығы өркениетке осы үштіктің салтанаты құруы арқылы жетті. «Ынталы жүрек, шын көңіл, Өзгесі Хакқа кол емес», «Адамды сүй, Алланың хикметін сез», «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, және Хак жолы осы деп әділетті». Теніздей терең жоғары руханият ұғымының мән-мағынасын осылай жеткізеді Абай (данышпан қалыптастырған теология ілімінің негізі де осы концепциялар).

Тағы бір жәйт, жоғарыда айтылғандай, руханилендіру үдерісі дін ғұрпылық, салт-жоралғы қалыбында қалмай, оның адамгершілік, тәрбиелік әлеуеті молынан ашылуына мүмкіндік береді. Мейірім, әділет сезімнің қайнары болу деңгейіне көтерілсе, дініміз исламның қоғамдық сананы толымды ететін, бүкіл қауымның мінезін өзгертетін, Әулие бұлақтың басында Елбасы айтқандай, «Елдің басы біріктіретін» құдіретті күшке айналары сөзсіз. Бізше алдағы уақытта дінді өркендету мен зайырлықты дамытудың сара жолы осы.

Мінеки, қай қырынан қарасақта, жоғары руханият ұғымы дін саласындағы арқа тірек концепция болуға сұранып-ақ тұр. Қазақ елі қашанда Батыс пен Шығысты қатар емген ел. Бүгінгі көпұлтты Қазақстан үшін де зайырлылық пен руханилықты қос қанаты қылу заңды дүние, жарасымды құбылыс деген пікірдемсіз.

Асан ОМАРОВ,
Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының ғылыми хатшысы



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Аманкелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ аудандық коммуналдық меншік нысандарын сату жөнінен аукцион өткізеді.

Сауда 2014 жылы 25 қарашада сағат 10.00 де мемлекеттік мүлік тізімінің www.gosreestr.kz. веб-порталында өткізіледі.

Аудандық коммуналдық меншік нысандарын сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 (бұдан әрі-Ережелер) қаулысымен бекітілген жекешелендіру нысандарын сату Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

АУКЦИОН Ағылшын әдісі

«Аманкелді ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» КММ (Аманкелді ауданы, Байғабыл селосы, Байқадамов көшесі 9)

1. Бұрынғы балабақша ғимараты, салынған жылы анықталмаған, жағдайы жартылай бұзылған, Бастапқы бағасы – 846189 теңге. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна 126928 теңге.

Назар аударыңыз! Тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бастартуына қатысушының хабарландыруда көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ сауданың өткізілеті туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сатушының шотына аукционның басталуына жетпіс екі сағат қалғанға дейін түспеуі негіз болып табылады.

Аукционға қатысу үшін тізілім веб-порталында мыналарды көрсете отырып алдын ала тіркелу қажет:

- 1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі ЖСН), тегі, аты, әкесінің аты (болса);
- 2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі БСН), толық атауы, бірінші басшысың тегі, аты, әкесінің аты (болса);
- 3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктің есеп шотының деректемелері;
- 4) байланыс мәліметтері (пошта мекен-жайы, телефон, факс, e-mail);
- 5) ұлттық куәландыру орталығы берген ЭСҚ қолданыс мерзімі.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілім веб-порталында енгізілген мәліметтерді өзгертеді.

Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін тізілім веб-порталында қатысушының ЭСҚ қойылған аукционға қатысу туралы өтінімді нысан бойынша тіркеу қажет.

Аукционға қатысушылар аукционның басталуына бір сағат қалғанда ЭСҚ мен аукциондық нөмірді пайдаланып, аукцион залына кіреді. Аукцион сауданың өткізілуі туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласы уақытында аукцион залында жекешелендіру нысанының бастапқы бағасын автоматты түрде орналастыру жолымен басталады.

Аукционды сауданың ағылшын әдісімен өткізу Ережелері

1) егер аукцион басталғаннан кейінгі жиырма минуттың ішінде аукцион залында қатысушылардың бірде біреуі жекешелендіру нысанының бастапқы бағасын Ережелерге сәйкес белгіленген кадамға өсіру жолымен жекешелендіру нысанын сатып алуға тілек білдірмесе,

онда осы жекешелендіру нысаны бойынша аукцион өтпеді деп танылады;

2) егер аукцион басталғаннан кейінгі жиырма минуттың ішінде аукцион залында қатысушылардың біреуі жекешелендіру нысанының бастапқы бағасын Ережелерге сәйкес белгіленген кадамға өсіру жолымен жекешелендіру нысанын сатып алуға тілек білдірсе, онда бастапқы баға белгіленген кадамға өсіріледі.

3) Егер ағымдағы баға өсірілгеннен кейін жиырма минуттың ішінде қатысушылардың бірде біреуі жекешелендіру нысанын ағымдағы бағаны өсіру жолымен сатып алуға тілек білдірмесе, онда жекешелендіру нысанын сатып алуға өз тілегін соңғы болып растаған қатысушы жеңімпаз болап табылады, ал осы жекешелендіру нысаны бойынша аукцион өтті деп танылады.

Жекешелендіру нысаны бойынша сауданың ағыл-шын әдісімен өтетін аукцион қатысушылардың біреуі ұсынған ең жоғарғы бағаға дейін жүргізіледі.

Жекешелендіру нысаны бойынша сауданың ағылшын әдісімен өтетін аукцион жекешелендіру нысанының бастапқы бағасы бағаны өсірудің кемінде екі кадамына өссе, оның үстіне бастапқы бағаны екі кадамға өсірудің кемінде екі қатысушы жүзеге асырса ғана өтті деп танылады.

Аукцион қортындылары туралы хаттама аукцион қортындыларын және жеңімпаз бен сатушының сату бағасы бойынша жекешелендіру нысанын сату- сатып алу келісім- шартына қол қою міндеттемелерін тіркейтін құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сату- сатып алу келісім-шартына аукцион өткізілген күннен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде мына мекен- жайда қол қойылады: Аманкелді ауданы, Аманкелді селосы, Майлин көшесі 14, 2 қаб, Аманкелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ.

Сонымен қатар аукцион жеңімпазы сатушыға сату- сатып алу келісім- шартына қол қоярда түпнұсқаларын салыстыру үшін ұсына отырып келесі құжаттардың көшірмелерін не болмаса келесі құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынады:

1. Жеке тұлғалар үшін: төлқұжат немесе жеке басын куәландыратын өзге де құжаттың көшірмесін;
2. Заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама;
3. Заңды тұлға өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың, сондай-ақ төлқұжат пен заңды тұлға өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Құжаттардың түпнұсқасы салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағатының ішінде қайтарылады. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна жекешелендіру нысанының алғашқы (бастапқы) бағасының 15%- ын құрайды.

Сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна «Аманкелді ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» КММ, Астана қ., ҚР КМ қазнашылық комитетіндегі № КЗ 650705034520508006 шотына, БИК ККМФК22А, БИН 000340003212, Кбе 12, КНП 171, мекеме коды 12, енгізіледі.

Сауда қатысушыларын тіркеу хабарлама жарияланған күннен басталады және аукционның басталуына жиырма төрт сағат қалғанда аяқталады. Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: 8 (71440) 21-5-65, 21-3-48 және сайт бойынша: amanqeldy-finans@mail.ru.

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

КТУ «Отдел финансов акимата Амангельдинского района» проводит аукцион по продаже объектов районной коммунальной собственности

Торги состоятся 25 ноября года, в 10 часов, на веб-портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Продажа объектов районной коммунальной собственности осуществляется в соответствии с Правилами продажи объектов приватизации, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года №920 (далее - Правила).

АУКЦИОН Английский метод

КТУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата Амангельдинского района» (Амангельдинский район, село Байгабул, улица Байкадамова 9)

1. Здание бывшего детского сада, год постройки не установлен, состояние полуразрушенное. Стартовая цена – 846189 тенге. Гарантийный взнос для участия в аукционе составляет - 126928 тенге.

Внимание! Основанием для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки является несоблюдение участником требований, указанных в объявлении, а также непоступление за семьдесят два часа до начала аукциона гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов, на счет продавца.

Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

- 1) Для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее- ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии);
- 2) Для юридических лиц: бизнес- идентификационного номера (далее- БИН), полного наименования, фамилии, имени и отчества (при наличии) первого руководителя;
- 3) Реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;
- 4) Контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail)
- 5) Срока действия ЭЦП, выданной национальным удостоверяющим центром.

При изменении вышеуказанных данных участник в течение одного рабочего дня изменяет данные, внесенные в веб- портал реестра. Для регистрации в качестве участника аукциона не обходимо на веб- портале реестра зарегистрировать заявку на участие в аукционе по форме, подписанную ЭЦП участника. Участники аукциона в течение одного часа до начала аукциона заходят в аукционный зал, используя ЭЦП и аукционный номер. Аукцион начинается в указанное в извещении о проведении торгов время города Астаны путем автоматического размещения в аукционном зале стартовой цены объекта приватизации.

Правила проведения аукциона по английскому методу торгов:

- 1) Если в течение двадцати минут с начала аукциона в аукционном зале ни один из участников не подтвердил свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения стартовой цены объекта приватизации на шаг, установленный согласно Правилам, то аукцион по данному объекту приватизации признается несостоявшимся;
- 2) Если в течение двадцати минут с начала аукциона в аукционном зале один из участников подтвердит свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения стартовой цены объекта приватизации на шаг, установленный согласно Правилам, то стар-

товая цена увеличивается на установленный шаг;

3) Если в течение двадцати минут после увеличения текущей цены ни один из участников не подтвердит свое желание приобрести объект приватизации путем увеличения текущей цены, то победителем признается участник, последний подтвердивший свое желание приобрести объект приватизации, а аукцион по данному объекту приватизации признается состоявшимся.

Аукцион по объекту приватизации по английскому методу торгов идет до максимально предложенной цены одним из участников. Аукцион по объекту приватизации по английскому методу торгов считается состоявшимся только в том случае, если стартовая цена объекта приватизации повысилась не менее чем на два шага увеличения цены, при этом повышение стартовой цены на два шага осуществляют не менее двух участников.

Дополнительную информацию можно получить по телефону 21-5-65, 21-3-48 и на сайте: amangeldy-finans@mail.ru. Результаты аукциона по каждому проданному объекту приватизации оформляются электронным протоколом результатах аукциона, который подписывается на веб-портале реестра продавцом и победителем и использованием ЭЦП в течение двадцати четырех часов после завершения аукциона.

Протокол о результатах аукциона является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи объекта приватизации по цене продажи. Договор купли- продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня проведения аукциона по адресу: Амангельдинский район, с.Амангельды, ул. Майлина 14, 2 этаж, КТУ «Отдел финансов акимата Амангельдинского района».

При этом победитель аукциона представляет продавцу при подписании договора купли- продажи копии следующих документов с обязательным предъявлением оригиналов для сверки либо нотариально засвидетельствованные копии указанных документов:

- 1) Для физических лиц: паспорт или документа, удостоверяющего личность физического лица, для юридических лиц: свидетельства либо справка о государственной регистрации (перерегистрации) юридических лиц;
- 2) Документа, удостоверяющего полномочия представителя юридического лица а также паспорта или документа, удостоверяющего личность представителя юридического лица;

Оригиналы документов после сверки возвращаются в течение одного рабочего часа. Гарантийный взнос для участия в аукционе составляет 15% от начальной (стартовой) цены объекта приватизации. Гарантийный взнос для участия в торгах вносится на счет КТУ «Отдел финансов акимата Амангельдинского района», № КЗ 650705034520508006 в Комитете казначейства МФ РК г.Астана, БИК ККМФК22А, БИН 000340003212, КБЕ 12, КНП 171, код учреждения 12.

Регистрация участников торгов производится со дня публикации извещения и заканчивается за двадцать четыре часа до начала аукциона. Дополнительную информацию можно получить по телефону 8 (71440)21-5-65, 21-3-48 и на сайте: amangeldy-finans@mail.ru

Құттықтаймыз!

ЕКІ ЖАСҚА ТОЛУҢҒАН!

Сүйікті де сүйкімді немереміз, баламыз **Ерік Жарқын НҮРЛАНҰЛЫН** 16 қарашада 2 жасқа толуымен құттықтаймыз. Бұлдірішіміздің алдағы өміріне зор денсаулық, ұзақ өмір және ата-әжесі мен анасының көзқуанышы болып жүре беруін тілейміз.



2 жасқа толған құлыншағым,
Қандай тәтті шырын шағың.
Ата-ананың құшағында,
Ұзақ болсын ғұмыр бағың.

Денсаулығың мықты боп,
Гүлдей жайнап жүре бер.
Болашақта бақытты боп,
Мұратыңа жете бер!

Құттықтаушылар: ата-әжесі Ерік-Күмісай, мама-напасы Нұрлан-Айымкүл, құда-құдағилар Жеңіс-Орынкүл, ағасы Нұрлан.



ЕСКЕ АЛУ

Аяулы баламыз, бауырымыз, амамыз **Сарғалдакова Айгүл ҚАДЫРХАНҚЫЗЫНЫҢ** бұл фәниден өткеніне 25 қарашада 1 жыл толып отыр. Аллатағаланың өлшеулі ғұмыры үзілген соң қабырғамызды қайыстырып, ортамыздан ерте кете барды. Бауырымыздың жасамаған жасын, көре алмаған қызығын артында қалған қос құлыны көрсін деп тілейміз. Аллатағала сені иманыңнан жарылқасын! Алдың пейіш, артың кеніш болғай!



Жоқтау айтып қалдық артта біз жылап,
Көздерден жас, жүректерден мұз құлап.
Жарқын бейне жарқ етті де жоқ болды,
Екі көздің жасын тұрмыз біз бұлап.

Өмір солай, қалай оған көнбейміз,
Жан жарасын тек сабырмен емдейміз.
Бір жақтарға кеткендейсің қыдырып,
Сен жоқ деуге біздер әлі сенбейміз.

Еске алушылар: ата-анасы Қадырхан-Сабираш, бауырлары, балалары.

НОТАРИУС: 16.06.2014 жылы қайтыс болған аз.Елғонов Қашаубай мұрасы бойынша мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерді Қостанай облысы Амангелді ауданы нотариусы Исмагулова А.Б.-ға Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, М.Маметова көшесі, 21 мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Шагиров Ерболдың атына берілген жеке куәліктің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

12 қазан 2012 жылы Амиргазина Шамшагүл Найзабековнаға берілген МП фельдшерінің жұмысы циклы бойынша біліктілігін арттыру туралы куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Маман кеңесі

ҚЫЗЫЛША ДЕРТПЕНЕН САҚТАНЫҢЫЗ!

Қызылша – аурудың жалпы жағдайының бұзылуымен, жоғарғы тыныс жолдарының қабынуымен және денеге теңбіл, терінің үстініне көтеріліп бөртпе шығуымен сипатталатын жедел жұқпалы ауру. Оның қоздырғышы – филтрленуші вирус. Бұл вирус қоршаған ортада төзімсіз, ауамен және алысқа тез тарайды. Көбінесе ауамен сілекей жолы арқылы таралады. Қызылшамен ауырған кезде пайда болатын жөтел мен түшкіру инфекцияның таралуына себеп болады. Аурудың эпидемиологиясына тоқталар болсақ, ауру көзі – ауру адам, әсіресе бастапқы және бөртпін шыққан алғашқы күндерінде мейлінше жұққыш болып келеді. Бөртпін шыққаннан 4 күн өткен соң науқас қауіпті емес. Аталмыш дертпен ауырған адаммен бір бөлмеде немесе қасындағы бөлмелерде болу балаларға жұғу қаупін төндіреді. Әсіресе 1-8 жас аралығындағы сезімтал балалар жас шамасына қарамастан қызылшамен ауырғыш келеді.

Аурудың клиникалық белгілерінің 4 кезеңі болады. Олар: жасырын кезең, қатаралды кезең, бөртпе шығу кезеңі, реконвалесценттік кезең. Жасырын кезең 9-10 күнге дейін созылады, ал егілген балада 21 күнге дейін болады. Қатаралды бастапқы кезең 3-5 күнге созылады. Баланың

дене қызуы 38-39 градусқа дейін көтеріледі, қатаралды белгілер пайда болады: мұрынынан су ағады, жөтел, түшкіру, конъюнктивит, көз қарығу болады. Осы кезде қызылшаға тән Бельский-Филатов-Коплик белгісі пайда болады: ауыздың сілекейлі қабығында, азу тістерінің тұсында ұнтақ жарма тәріздес ұсақ ақ дақтар пайда болады, олар 2-3 күнге дейін сақталады. Мұнымен қатар жұмсақ таңдайдың сілекейлі қабығында қызғылт дақтар – энантема пайда болады. Ауырған баланың көзі қызарып, жасасаураған, қабақтары ісіңкі, мұрынынан су ағып тұрады. Бөртпе шығу кезеңінде науқастың дене қызуы 39-40 градусқа дейін көтеріліп, денесіне этаппен бөртпе шығады. Бірінші күні ауырған баланың бетіне, құлақтың сыртына, мойнына, терінің үстіне көтеріліп теңбіл бөрте шығады. Екінші күні денесіне шығып, кейбір бөртпелер қосылып ұлғаяды. Үшінші күні бөртпе қолдарына, аяқтарына тарайды. Бөртпе шығып болғаннан кейін баланың дене қызуы төмендеп, жалпы жағдайы жақсара бастайды. Реконвалесценттік кезеңде бөртпе шыққанда кезекпен жоғалады да, орнында қоңыр дақ қалады.

Аурудың клиникалық көріністерінің жойылуы баланың толық айығып кеткендігін білдірмейді, оның организмі әр алуан микробтарға қарсы

тұра алмайды. Қызылшаның үш түрі бар : жеңіл, орташа, ауыр түрі. Асқыну кезеңінде / пневмония, ларингит, бронхит, энцефалит/ аурулары туындауы мүмкін. Емдеу жолдарына келсек, баланы оқшаулау керек, ауырған балалар көбінесе үйінде емделеді. Ауруханада қызылшаның тек ауыр түрі және ауруды оқшаулауға мүмкіншілік болмаған жағдайда ғана жатқызылады. Ауырған баланың жатқан жерін таза ұстап, желдетіп тұру керек. Тамақ баланың жасына сай, дәруменге бай болуы керек. Арнайы профилактика - бала 1 жасқа толған кезде қызылша вакцинасы 0,5 мл бұлшық етке енгізіледі. Қайта егу /ревакцинация/ 6-7 жасында жасалынады. Ауру ошағында эпидемиологияға қарсы ауырған баланы 5 күнге оқшаулайды. Ауру баламен қарым-қатынаста болған балаларға 21 күн қарантин тағайындау, күнделікті бақылау, балаларды басқа топқа ауыстыруға, бұл топқа жаңа бала қабылдамауға, есіктердің санылауларын екі жағынан қос қабаттап желімдеу шараларын жүргізу қажет.

К.АХМЕТОВА,
«Аманкелді аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» РММ жетекшісі маманы.

ҚЫЛМЫСТЫҚ АТҚАРУ ИНСПЕКЦИЯСЫ КҮНДЕЛІГІНЕН

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне пробация қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтсақ: Жалпы қылмыстық-атқару жүйесіне қазіргі таңда пробация қызметі деген қосымша

атау енгізілді.

Қылмыстық-атқару жүйесіндегі пробация – сынақ мерзімі мен пробация бақылауында болған кезеңде әрбір шартты түрде сотталған адамның жаңа қылмыс жасауының алдын алу мақсатымен, олардың жүріс-тұрысын одан әрі түзету

үшін қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі оларға қатысты жеке әзірлейтін және іске асыратын әлеуметтік-құқықтық сипаттағы шаралар кешені. (Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 15 ақпандағы № 556-IV Заңы.)

Хабарландыру

КӨКШЕТАУ ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНА
ОҚУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Өрт сөндіруші – нағыз ерлердің мамандығы. Ерлік, батырлық, жан қиярлық - осы мамандық иесінің әр қайсысына тән қасиет. Отпен күресушілер, деп жауынгерлік мамандық иелерін атайды. Жай адамдар осы мамандық иелері бола алмайды: өйткені осы мамандық жақсы дене шынықтыру тәрбиесін, мықты жүйкені, шыдамдылықты, болатын зілзала, апатта қиыншылықты жеңе білуді, сонымен бірге мүлтіксіз абыройды талап етеді.

Осы сипаттағы бейнеге сәйкес келу үшін азынаулақ жұмыс тәжірибенің және өрт қауіпсіздігі аумағынан арнайы атағының болуы қажет.

Бүгінгі таңда Қазақстанда өртке қарсы қызмет үшін мамандарды дайындау үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің Көкшетау техникалық институтында оқу тегін, мемлекеттік есептен жүргізіледі.

Осы оқу орнына іштей бөліміне оқуға түсу 25 жасқа дейінгі және 16 жасқа толған тұлғалар қабылданады.

Бірыңғай ұлттық тестілеу өткізу бойынша кемдегенде қажетті өту баллын алған абитуриенттармен аумақтық орталықтардан алған сертификаттың негізінде оқуға кандидаттарды қабылдау жүзеге асырылады. ҰБТ тапсыру кезінде төртінші фи-

зика пәнін таңдау қажет. Сондай-ақ абитуриенттер дене шынықтыру бойынша сынақ тапсырады және медициналық куәландірудан өтеді. Институтта мерзімінен бұрын әскери қызметтен өтетін тыңдаушылардың іштей оқу мерзімі - 4 жыл және толығымен мемлекетпен қамтамасыз етіледі. Оқуды аяқтаған соң курсантқа арнайы - өртке қарсы қызмет лейтенанты атағы беріледі. Қызметті әрі қарай жалғастыру үшін алған біліктілігіне сәйкес әр түлекке жұмыс және қызмет орыны кепілді.

Осы ақпараттар туралы толық мәлімет алу үшін Аманкелді ауданының №21 Өрт сөндіру бөліміне: Аманкелді селосы Ш.Уалиханов көшесі №3 мекен-жайына келіп, немесе 21-5-07 телефон номеріне хабарласуыңызға болады.

Қосымша төмендегі сенім телефондарын назарларыңызға ұсынамыз:

Қостанай облысының Төтенше жағдайлар Департаменті 8-7142-50-36-24.

Қостанай облысының ТЖД «ӨС және АҚЖҚ» ММ 8-7142-53-27-30.

Серік ҚУАНЫШҰЛЫ,
аудандық №21 Өрт сөндіру бөлімінің бастығы өртке қарсы қызмет капитаны.

САТАМЫН: Соғымдық сиырлар мен өгізшелер сатамын. Тел: 8-775-265-62-58

ЖАРАДЫҢ, БАЛТАЗАР!



Қазанның 24 күні Федоров ауданында «Жастар» мәдениет үйінде ҚР-ның Тәуелсіздік мерекесіне орай «Қазақ елі осындай» атты облыстық ақындар айтысы өткізілді. Байқауға Қостанай, Арқалық қалаларынан және Таран, Аманкелді, Жітіқара, Федоров аудандарынан ақындар қатынасты. Бұл айтысқа біздің ауданнан Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің жас ақындар үйірмесінің жетекшісі Б.Ізтілеуов қатысып, жүлделі 3-ші орынды иеленіп қайтты. Бас жүлдені арқалықтық Х.Қайролла иемденді.

Ізтілеуов Балтазар - Есір ауылының тумасы. Өзінің айтуы бойынша жеткен жетістіктері аз емес. Солардың бірі 2012 жылы өткен «Жастар жырлайды» ақындар айтысы тележобасының 2-ші маусымының дипломанты. 2013 жылы Көкшетау қаласында Ақан серінің 170 жыл толуына орай өткізілген аймақтық айтыста 3-ші орынды, 2014 жылы Арқалық қаласында өткен ҚР-ның тұңғыш Президент күніне арналған аймақтық айтыста 1-ші орынды алып келді. Бүгінгі таңда оның шәкірттері аудандық, облыстық айтыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Бәрекелді Балтазар, жеңіс төрінен көріне бер!

СӘЛЕМ, САЙҚЫМАЗАҚ !



1 қараша күні Қ.Абенов атындағы аудандық мәдениет үйінде Астана қаласы мемлекеттік цирктің «Сәлем сайқымазақ» атты бұлдиршіндерге арналған қойылымы өткізілді. Қойылымды тамашалаған балалар уақыттың қалай өткенін байқамай қалды. Клоун Халилла Хамашов қазақ тілінде сөйлеп, сайқымазақ кейіпіне еніп, ебедейсіз қимылдарымен балаларды еріксіз күлкіге бөледі. Ұлы Тимур - ақылды баланың бейнесін сомдады. Шығыс ертегісіндегі ханшайым Нурридін бейнесін жыланмен билеп көрермендерді таң қалдырған Бродук Ксения болды. Ресейден арнайы оқып келген Лаура Нуртазиналар да өнер көрсетті. Сонымен қатар үйретілген иттің де қойылымы ерекше болды. Бұрын-соңды мұндай қызық көрмеген бұлдиршіндеріміз мәз-мәйрам болды.

Ә.МҰРАТБЕКҰЛЫ,
өз тілшіміз.

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді. Компьютерлік 3 беттен асатын

материалдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1926 дана. Тапсырыс - 2331

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2-қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.